

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 13 наурыз жұма 2015 жыл № 10 (12)

Президенттің елімізді өркендету жолындағы бес халықтық реформасы



Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа
Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының
Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі

Тартынбаңыз,
Нұреке,
жол бастаңыз!

Тәуелсіздігі жиырма жылдан асқан Қазақстанның дамуындағы дара жолы күн сайын өріс алып, экономикалық, саяси-әлеуметтік ахуалдардың реңі ажарлануда. Әлемдік тоқырау ызғарын бәсеңдетіп, халық тұрмысының деңгейін әрі қарай көтеру мәселесі тиянақты түрде жан-жақты сараланып, пәрменді, саяси-сауатты ұйымдастырылулар шұғыл қолға алынуда.

Елбасы жариялаған «әуелі экономика...» деген қағиданың өміршеңдігін дәлелдеп, әлем елдерінің ең озық 30 ел қатарына қосылуымызды қамтамасыз ету жолындамыз. Күмән жоқ, сенім мол. Осынау теңдесі жоқ тарихи кезеңді бастан кешіре отырып, бүкіл халық болып, тағы да бір ынтымақтастығымыздың беріктігін дәлелдедік. Ол – 2015 жылы кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынды, теңдесі жоқ тапқыр, білікті саясаткер, көпсалалы ғылымды игерген, ерен еңбектің иесі бүкіл қазақстандықтардың нөмірағасы Н.Ә.Назарбаев алдағы болар Президент сайлауында «Нұр Отан» партиясының атынан кандидат болуды қабыл алды.


Бүкіл халықтың сүйіспеншілігі деген осы. Кешегі өткен «Нұр Отан» партиясының съезінде ақындар Ақұштап Бақтыгереева мен Бекарыс Шойбеков «сөз патшасын» тоғытты. Менің де арқам қозып:

Ата-баба өсіп-өнген жерденсің,
Ұрпақтың көсіліп жатыр көрпесін.

Тартынбаңыз Нұреке,
жол бастаңыз,

Соңыңыздан халқыңыз ергесін, – деймін.

СМАҒҰЛДЫҢ Тілеубердісі,
«Құрыш қала KZ» газетінің
редакциясы» ЖШС
директоры



— Қыматты әйелдер, баршаңызды азаматтар атынан көктем мерекесі — 8 наурыз күнімен құттықтаймын. Әрбір мемлекеттің деңгейі ондағы әйелдердің тұрмыс-тіршіліктерінен байқалады. Ойлап қарасақ, бүгінде әйел-аналар араласпайтын, еңбек етпейтін бірде-бір сала жоқ екен. Сіздер өмірге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеумен қатар білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс, өндіріс, экономика секілді барлық саладағы қызметтеріңізді мінсіз атқарып жүрісіздер. Біздің қаламызда отыз бес мыңдан аса нәзік жандылар отбасының ұйытқысы болумен бірге аталған салаларда жемісті еңбек етуде. Мерекемен құттықтай отырып, сіздерге мықты денсаулық, отбасыда бірлік пен береке, молшылық тілеймін. Жакындарыңызға сүйікті, сүйкімді болып, қуанышқа кенеле беріңіздер, — деді Нұркен Сұлтанов.

Мұнан кейін марапаттау сәтіне кезек келіп, еселі еңбегімен



Мерекелік салтанат

Көктем мерекесіне арналған салтанатты жиын жылдағы дәстүр бойынша қалалық мәдениет сарайында болып өтті. Металлургтер шаһарының ардақты аналары мен қыз-келіншектерін қала әкімі Нұркен Сұлтанов құттықтады.

Аналарға құрмет



еленіп жүрген бірқатар озаттарға қала әкімінің мақтау грамоталары тапсырылды. Атап айтар болсақ, алты бала тәрбиелеп отырған А.Дауылбаевға Елбасы Жарлығымен берілген «Күміс алқаны» қала әкімі салтанатты түрде табыс етті. Мұнан кейін зейнеткер ұстаз Қ.Махатова, дәрігер Б.Оспанова, №8 және №17 орта мектеп директорлары Б.Жанахметова, Т.Ахметжанова, Төтенше жаңдайлар басқармасының маманы Л.Рудник, еңбекпен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкері А.Ли, №1 емхана медбикесі Е.Комарова және басқа да әйелдер қала әкімінің қолынан грамота алды.

Әрине, мерекелік жиынның ажарын әншілер ашып, салтанат соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Қарағандыдағы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері мен қаламыздағы өнер ұжымдарының өрендері әсем әуен мен билерді тарту етті.



Құқықтық тәртіп


Наурыз айының алғашқы аптасында еліміздің тәртіп қорғаушылары «Тұрмыс» жедел-алдын алу іс-шарасын өткізді. Ондағы басты мақсат әйелдер мейрамы қарсаңында берекесіз отбасыларын, есепте тұрған, бұрын сотталған және күдікті деген адамдарға барып, олардың жай-күйін білу болатын.

Бұл акция аса пайдалы болды, бұл жолы көптеген қылмыстар мен тәртіп бұзудың алдын алу мүмкіндігі қарастырылды. Отбасылық дау-дамайда әйел адамдар, бала-шаға жапа шегетіні мәлім, сондықтан тәртіп сақтау қызметкерлері отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынасқа ерекше ден қойды. Жалпы бұл күндері теміртаулық мың отбасы, яғни дәл осынша пәтер аралаған полиция қызметкерлері жанұя мүшелеріне, әсіресе әйелдері мен балаларына зорлық-зомбылық көрсететін, спиртті ішімдікті шектен тыс қолданатын, бұған дейін сотты болған ер адамдарды тікелей тізім бойынша тауып алып, әңгіме өткізді.

— Бұл шараға әкімшілік және қылмыстық полицияның 69 қызметкері қатысты, шара барысында 29 қылмыс анықталып, тіркелді. Сондай-ақ өз балалары мен әйелдеріне кереғар көзқарастағы ерлерге 39 қорғану ұсынысы жасалды, 28 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл жолы тек бұрынғы есептегілер ғана емес, жаңадан жағымсыз әдеттерге, қылмыстық пиғылға жақын адамдар да назардан тыс қалған жоқ. «Тұрмыс» жедел-алдын алу шарасы барысында жаңадан Ішкі істер органдарына 18 маскүнем, 8 есірткі қолданушы және 14 берекесіз отбасы есепке алынды, — дейді мамандар.

Мұндай мақсатты рейдтік шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіледі.

«Тұрмыс» жедел шарасы өтті



Отандық өнім

Биыл тұтыну нарығындағы баға жылдағыдан сәл арзан екенін жұртшылық жақсы біледі, құала дүкендерінде қант, құс еті, ұн, жұмыртқа, картоп бағасы жылдағыдан төмен. Бұл уақытта көкөніс шарықтайтын болса, қазір кейбір супермаркеттерде картопты 50-51 теңгеден сатып алуға болады. Бұл негізінен көрші Ресей еліндегі рубль бағамының құлдырауына байланысты болып отыр.

Баға құбылып тұр

ҚР статистика агенттігі қой еті, сұйық май, күріш, сұлы, тары жармасы, жұмыртқа бағаларының төмендегенін нақты мәліметтермен анықтап берді. Дегенмен кейбір азық-түліктердің бағасы сәл де болса мұның алдындағы айға қарағанда өскен. Мәселен, макорон, шай, спиртті ішімдіктер 0,8 пайыз, ұннан жасалған кондитерлік тағамдар 0,5 пайыз, ірімшік 0,4 пайыз, тәттілер 0,3 пайыз қымбаттапты. Сондай-ақ жыл басындағыға қарағанда көкөніс 3 пайыз, пастерленген сүт 1,4 пайыз, жеміс-жидектер 1,1 пайыз қымбаттады. Бұған дейін Ресейден азық-түлік тасу үрдісі қызып тұрған болса, соңғы уақытта ол біршама бәсеңдеді. Қазір енді жолға шыққаннан гөрі, интернет арқылы сатып алуларға көбірек орын берілгені байқалып отыр. Мұның бір себебі, ресейліктердің азық-түлік өнімдерін аса үлкен партиямен сатып алуға ұсыныс жасауы болса керек, бұл енді картопқа тікелей қатысты. Рубль бағамы төмендегендіктен қазір ондағы картоп бағасы біздегіден 25-30 теңге көлемінде арзан. Бұл өз кезегінде сату бағасының да төмендеуіне жол ашты. Жуырда ғана біздің елге Новосібірден 250 тонна картоп жеткізілгені туралы хабар естідік. Әрине, сауда жақсы, дегенмен әр нәрсенің де шегі бар, көктем, әсіресе егістік өзінде Қазақстанмен шекаралас аймақтарда картоп тапшылығы болуы әбден ықтимал.

Саудада әрдайым сатып алушы оның бағасына қарайтыны белгілі. Быыл Ресей өнімдері бізден әлдеқайда арзан болғандықтан ол елден жармалар сатып алу көлемі де жылдағыдан артты. Мәселен, қарақұмықтың бір келісі 160 теңгеге оралды, сөйтіп қазақстандық өнім өндірушілер де өздерінің бағасын түсіруге мәжбүр болды. Ресейден келіп жатқан сиыр етінің де көлемі көп, кәсіпкерлер қантты да үлкен партиялармен сатып алып отыр. Молдавиядан одан да арзан қант өнімдері жеткізілуде, міне, осылайша біздің еліміз баға жағынан біршама тартымды ұсынушы қатарында көрінуде.

Ел Үкіметі Қазақстанда жасалған өнімді көбірек назарға алып отыр, өйткені біздің кәсіпкерлер өзінің бәсекелестік қабілетінен айырылмауға тиіс. Қазір қала дүкендерінде Қазақстанда жасалған өнімдердің арнайы сөрелері жасақталған. Ірі сауда орталықтарнда «Қазақстанда жасалған» деген белгісі бар сөрелер бірден көзге түседі. Жұртшылық өз елімізде жасалған азық-түліктің сапалы екенін жақсы біледі. Мәселен, қаламыздағы «Аян» сүт зауыдының айраны, сары майы басқа қандай да бір өніммен салыстырғанда анағұрлым табиғи әрі сапалы. Сондай-ақ «Рин милк» сүт зауыдының қорапталған сүті, айраны, ірімшігі өте сапалы. Бұл жөнінде дүкендердегі тұтынушылардың өзі жоғарғы пікірде.

— Мен үнемі «Аян» сүт зауыдының сарымайын пайдаланамын, оның бағасы Омск, Новосібір аймағынан келетін майлардан қымбаттау, бірақ сапасы әлдеқайда жоғары, кәдімгі қолдың майынан айырмасы шамалы. Сондықтан бұрын да осы майды үнемі алып келдім, қазір де май түрінің көптігіне қарамастан үнемі іздеп жүріп осы майды аламын, — дейді қала тұрғыны Бағира Сақиқызы.

Теміртаулықтар Құрма, Майқұдық құс фабрикаларының өнімдерін де бірінші кезекте сатып алады, өйткені ол кәсіпорындар өнімі сапалы, жергілікті жем-шөпті пайдаланатындықтан барынша таза. Жалпы қазақстандық өнім, оның ішінде Теміртау қаласы мен Қарағанды аймағынан шығатын басқа да өнімдер үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Өз тілшімізден



Қала мектептерінде

Үстіміздегі жылғы ауқымды шаралардың бірі маусым айының 1-15 күндері аралығында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеу болып табылады. Қазір қала мектептерінің 11 сынып оқушылары осыған қатысуға өздерінің өтініштерін өткізуде.



Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық басталды

Ұлттық орталықтың есептеулері бойынша, биыл елімізде 130 мың түлек осы сынаққа қатысады. Әрине, бұл болжам, нақты сан 25 сәуірден кейін анықталады. Дегенмен, тәртіп бойынша тура тест тапсыратын күні де ондан бас тарту мүмкіндігі бар. Бұндай жағдайда мектеп бітіруші емтиханды оқу орнында тапсырады, бірақ Қазақстан жоғары оқу орындарына тіпті ақылы түрде де түсу құқынан айырылады. Сонымен бірге ұлттық бірыңғай тестілеуге, «Алтын белгіден» және ерекше үлгідегі аттестаттан үміткерлер де қатысады. Біздің Теміртау қаласында биыл 860 оқушы 11 сынып аяқтағалы отыр, оның 101-і кешкі мектептерде оқып жүр.

Бірыңғай ұлттық тестілеу тәртібіне

келетін болсақ, онда айтарлықтай өзгеріс жоқ, сынақ әдеттегідей бес пән бойынша өтеді. Олар: қазақ немесе орыс тілі, яғни өзінің оқыған тілі, математика, Қазақстан тарихы, орыс мектептерінде қазақ тілінен, қазақ мектептерінде орыс тілінен, сондай-ақ таңдаған мамандығына орай тағы бір пәннен сынаққа түседі. Ал оқушы өзі таңдайтын пән саны жетеу, олар: география, физика, биология, химия, орыс әдебиеті, шет тілі және дүниежүзі тарихы. Ал арнайы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықты таңдаған түлектердің пән таңдауына еркіндік берілген, бірақ жоғарғы оқу орнына барған кезде қосымша шығармашылық емтихандан өтуі қажет

болады.

Үш жарым сағат ішінде түлектер әр пәннен 25-тен, бас-аяғы 125 тест тапсырмасына жауап беруге міндетті, ал оның нәтижесі 125 балдық жүйе бойынша және аттестат алған кезде 5 балдық жүйеге ауыстырылып бағаланады. Ұлттық тестілеу орталығы жылдағы дәстүр бойынша сынаққа кірер алдында металл іздегіш қолдану арқылы тексеру жұмыстарының жүретінін және ұялы телефондар белгісі өшіріліп, бейне-бақылау құрылғылары қойылатынын жеткізді. Егер бұл тәртіп толық сақталмайтын болса, түлек одан әрі тестілеуден шығарылып, оны қайта тапсыру құқығынан айырылады.

Елбасы Жолдауы – халықтың қолдауы	
ҚР Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Такир Балықбаев және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Президенті Ғани Нығыметовтың қатысуымен «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясат жағдайында кадрларды даярлау» атты тақырыпта брифинг өтті.	

Іс тетігін кадрлар шешеді

Министрлік Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауындағы тапсырмалары бойынша, индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығына мамандар даярлау мәселесі шеңберінде 10 ЖОО базасында экономика салаларын ғылыммен байланысын қамтамасыз етуді жүзеге асырып жатыр.

2016-2019 жылдардағы ИИДМБ-ның басым секторлары үшін кадрлар қажеттігі анықталған. Халықаралық Мак Кинзи компаниясының зерттеу мәліметтері бойынша 2019 жылға дейін ИИДМБ-2 салалары үшін жыл сайын 3000 жуық жоғары білікті мамандар қажет.

4 жылдық жұмыс нәтижесінде 10 мыңнан астам білікті маман бітіреді деп жоспарланған. 2015 жылғы қыркүйегінен бастап мемлекеттік тапсырыс шеңберінде салалық магистратура бойынша маман даярлау басталады. 2015 жылы салалық магистратура,а бойынша 1900 адам, 2016 жылы кем дегенде 2500, 2017 жылы кем дегенде 3500 адам қабылдау жоспарлануда.

Өлемнің үздік стандарттарына сай жабдықталған және шетелдік әріптес-жоғары оқу орындары мен негізгі жұмыс берушілермен кеңесілген 24 жаңа зертхана құру жоспарлануда.

Тектес салалар бойынша мамандар даярлауда тәжірибесі бар Оңтүстік Корея, Германия, Италия, АҚШ, Польша, Ресей, Чехия сияқты шетелдік ЖОО-серіктестердің қатысуымен тәжірибелік бағыттағы 24 жаңа білім бағдарламасын жасау жұмыстары жүргізілуде.

Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын дамыту, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, шетелдік ғалымдарды тарта отырып оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша 2015- 2017 жылдарға арналған көпарналы қаржыландыру тетіктері анықталды. Жоғары оқу орындары бөлінісінде 24 жаңа зертхананы құру (3 млрд теңге), жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге (962,1 млн.теңге) Ұлттық қор мен республикалық бюджетте қаралған қаражат аясында 2015 жылға арналған қаржыландыру көлемі айқындалды.

Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде кадрлар даярлау процесін одан әрі жетілдіру және оңтайландыру бойынша жаңа шаралар әзірленіп, іске асырылуда.

Осылайша, «Болашақ» бағдарламасы сапалық көрсеткіштерге назар аударуда: шет тілін, мемлекеттік тілді білуге, оқу және тағылымдамадан өту үшін шетелдік университеттерге талаптар арттырылған; алғашқы 6 айда тілді оқу Қазақстанда және кейінгі 6 айда шетелде өтетін «6+6» моделі бойынша тілдік даярлық процесі оңтайландырылды; split PhD жобасы шеңберінде отандық ғалымдар үшін зерттеу қызметінің мүмкіндіктері және шетелдік магистратура бағдарламаларына қолжетімділік кеңейтілген.

Экономиканың нақты секторының қажеттілігі есепке алынып, 2015 жылға Басым мамандықтар тізбесі актуалдандырылды. «Елдің индустриалды-инновациялық дамуы және «Нұрлы Жол» бағдарламасының инфрақұрылымдық жобалары үшін инженерлік-техникалық мамандарды даярлау басымдылық болып қалуда. Бүгінгі күні «Болашақ» бағдарламасының техникалық бағыттағы түлектерінің саны шамамен 40%-ды құрайды» - деп атап өтті өз баяндамасында Ғани Нығыметов.

Жалпы алғанда, 1994-2014 жж. 11 126 стипендия тағайындалған. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша әлемнің 25 елінде 1823 стипендиат оқуда.

Сонымен қатар, 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының әкімшісі – «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ға 10 жыл толады.

Өз тілшімізден

Абаттандыру жалғасады

Қала шаруашылығы

Үстіміздегі жыл түрлі мерейтойларға толы, соның ішінде металлургтер мекені Теміртау үшін ерекше бір айтулы күн бар, ол шаһардың 70 жылдығы. Әкімшілік биыл бюджет қаржысының тапшылығына қарамастан абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын одан әрі жалғастыруға шешім етті. Ұзақ жылдардан бері созылып келе жатқан Металлургтер даңғылының бойын ретке келтіру бірінші кезекте тұр, сонымен бірге тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығының маңайында да атқаратын жұмыстар жетерлік. Аталған мәселелер аппарат мәжілісінде қаралап, онда тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басшысының міндетін атқарушы Татьяна Акулова хабарлама жасады.




Мамандар бірінші кезекте Қ.Аманжолов көшесінің жолын орташа жөндеп, соның бойын көріктендіруге назар аударып отыр, өйткені Астана мен Қарағандыдан келетін жолдың кіре берісіндегі бұл аймақ әзірге тек жаңа құрылыстар алаңы ретінде тұр. Енді жол жөнделіп, тікұшақ қонатын алаң қайта жасақталады. Бұған қала бюджетінен 37млн. 658 мың теңге бөлінді. Қаланың бет-бейнесі болып табылатын Металлургтер даңғылын жөндеу биылғы жазда толық аяқталады деп күтілуде, бұған 96 млн. теңге қаражат бөлінген.

—1800 шаршы метр алаңға тас жол төсеп, 180 дана биіктігі бір жарым метрден болатын шырша ағаштары отырғызылады. Сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлер қаланың тұңғыш құрылысшыларына салып жатқан ескерткіш құрылысы аяқталады және жан-жағы толық абаттандырып, оның маңайына бюджет қаражаты есебінен орындықтар, жарық диотты қондырғылар орнатылады, — дейді басшы.

Қаланың басты көшесін абаттандыру мұнымен аяқталмайды, 400 шаршы метрлік жасанды көк шалғын орнатылады. Бейбітшіліктен бастап Республика даңғылына дейінгі аймаққа гүлге оранған жол бөлшегі орнатылып, демалушыларға ыңғайлы болуы үшін ол қоршалады. Мұндай әдемі гүл жолақтары кейінірек Бейбітшілік даңғылынан Амангелді көшесіне дейін де жасалады. Қаланы көгалдандыру бағдарламасына орай дәл осы айтылған көше бойына тағы да 120 шырша және тұңғыш Президент орталығы аймағына 104 әртүрлі ағаштар өскіні отырғызылады. Бұл айтылған бағдарлама үшін 7 млн. теңге бөлінді.

Қаланы абаттандырудың үшінші кезеңі



сай және сыртқы келбеті тартымды болуы да ескерілген. Металлург стадионы жанына да осындай бір кешен қойылмақшы. Қала басшылығы мұндағы спорт алаңқайына тағы да 64 млн. теңге жұмсауды жоспарлап отыр. 7-12 жастағы балаларға арналған бас-палдақтар, биік қыраттар, секіретін жерлер тағы басқа да бос уақыт үшін құрылғылар қойылады.


Бұл тізімделгеннің бәрі де нақты орында-

латын шаруалар, оларға қаражат та бөлінген, дегенмен қаланың мерейтойы болғандықтан әлі де көкейде тұрған, қажет-ау деген жұмыстар жоқ емес. Әзірге қаражат негізгі Металлургтер даңғылы, Амангелді көшесі сияқты жұрт көбірек баратын демалыс аймағына ғана бөлініпті, ал басқа ішкі орамдар, көшелер қаражат тапшылығынан тоқтатылып тұр. Егер қаражат табылса, Құрылысшы даңғылының бойын ретке келтіру ойластырылуда, ол үшін 12,5 млн. теңге іздестіру керек. Тағы да 14,3 млн. теңге Димитров көшесіндегі интернационалист жауынгерлерге ескерткіш салуға қажет. Металлургтер монументі жанындағы саябақ аумағын абаттандыруға тағы 98 млн. теңге керек болады, өйткені мұнда жататын шамы бар он бес құйма мүсін, жиырма

базон орнатып, ағаштардың арасына тас төсеу, жасанды көк шалғын жасау, сахнаны жарықтандыру, мұражай мен флашток арасын жолды жөндеу сияқты міндеттер күтіп тұр. Мәдениет сарайының артқы жағын абаттандыруға, яғни ойын кешенін қою, жарықтандыру, гүл отырғызу, тас жол төсеу, ағаш отырғызу сияқты жұмыстарға 120 млн. теңге қажет. Үстіміздегі жылы облыстық бюджеттен қаржыландыру есебінен Республика даңғылы бойындағы №55, 57, 61 үйлердің алдын отыз млн. теңгеге абаттандыру жүргізеледі. 35 млн теңге №3 аурухананың алдындағы демалыс алаңын абаттандыруға керек. 70 орамда ескерткіш тасты қалпына келтіріп, ондағы көше шамын қалпына келтіру, спорттық даму кешенін ұйымдастыру үшін 23 млн. теңге қажет. Айта берсек, қажеттіліктердің тізімі мұнымен де шектелмейді, қала да үй сияқты уақыт өткен сайын әйтеуір бір нәрсені жаңарту қажет болады. Мәселен, ескі қалада да кезегін күткен жұмыстар аз емес, сондай-ақ қала басшылығы велортек салуды ойластырғалы біраз уақыт болды, оның құжаттары дайын, тек қаражат жағы қолбайлау болып тұр.

Қала әкімдігі тұрғын үй коммуналдық шаруашылғы мамандары биыл қаланы осылайша әрлеп, әдемілеуді жоспарлап қойды. Әрине, қалалық бюджеттен бөлінетін қардының басы ашық, ол уақытылы бөлінеді. Сондықтан белгіленген жұмыстарды дер кезінде ең қысқа мерзімде орындау қажет. Әзірге бұл жұмыстардың бәрі жылдың бірінші жартысында аяқталады деп ұйығарылған. Ал қосымша қаражат қажет ететін жұмыстар уақыт еншісінде.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Халықтың қолдауы

Өткен сәрсенбінің сәтінде қалалық мәдениет сарайында ауқымды шара болып өтті. Онда теміртаулықтар құрыш қалада шынығып, саяси көзқарасы қалыптасып, өз орталырынан түлеп ұшқан тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевты алдағы 26 сәуірде өтетін президенттік сайлауда бірауыздан қолдайтындықтарын жеткізді.

Жарқын болашаққа нық қадам

жатқан сындарлы саясатының жемісі екенін барша қазақстандықтар жақсы біледі. Оның үсіне теміртаулықтардың мұндай қолдау шараларын өткізетін реті де бар, өйткені Елбасы біздің

ұсынылған кандидатурасын қабыл алғанына біз қатты қуандық, себебі, ұсынған да біз, қолдайтын да біз, яғни Қазақстан халқы. Ұлт Көшбасшысына деген сеніміміз мол, үмітіміз де көп.

ғана біздің Теміртауда жүзге жете ұлт өкілдері бір ананың баласындай бір-бірімен тату-тәтті өмір сүреді. Олардың баршасы Қазақстанды өздерінің туған Отаны санайды, себебі осында туып, ержетіп, еңбек етіп келеді. Біздегі тұрақтылық — осындай татулықтың, келісімнің нәтижесі. Алға, Қазақстан! — деп ағынан жарылды «Понтос» грек этно-мәдени орталығының жетекшісі Диспина Ивановна Касапиди.

Мәдениет сарайына жастар, ардагерлер, комбинат жұмыскерлері, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау секілді басқа да салалар өкілдері жиналып, Елбасыны қолдайтындарын жеткізумен болды. Ал сахна шымылдығы сырғып ашылып, қаламыздағы өнер ұжымдарының өнерпаздары әсем ән мен әр ұлттың билерін көрермендерге тарту етті. Бірнеше облыстық, республикалық ән байқауының жеңімпазы, дәстүрлі әнші Айбек Сахаба «Атамекен» әнін салғанда зал толы көрермен орын-



— Бүгінгі таңда Қазақстанды бүкіл әлем таниды, мойындайды. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері жыл өткен сайын қарыштап дамумен келеді. Бұл сарабдал саясаткер, тұңғыш Президентіміз, ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп келе

арамызда, осы қаладан шыққан, бұл әрбіріміздің кеудемізді мақтаныш сезіміне бөлейді, — дейді жиынға қатысушы ардагер металлург Илияс Баймұрзаев.

— «Нұр Отан» партиясының съезінде Елбасының президенттік сайлауға



Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты бірауыздан қолдаймыз. Өйткені, Қазақстандағы тұрақтылық пен бейбітшілік, ұлттар арасындағы келісім мен бірлік — тікелей Елбасынның көрегендігінің, қажымас еңбегі мен күш-қайратының, даналығының жемісі. Бір

дарынан тік тұрып қошемет көрсетті. «Жарқын болашаққа нық қадам Елбасымен бірге» дейді теміртаулықтар. Осылайша Елбасыны қолдауға арналған шара өз мәресіне жетті.

Өз тілшімізден



Іс-шара



Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде «Нұр Отан» партиясынан ҚР Президенттігіне үміткер ретінде Нұрсұлтан Назарбаевты ұсынуды қолдаған бұқаралық флешмоб өтті. Шара облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен болды. Бастаманы қарағандылық жастар көтерді, ал «Эйр Твист» ҚБ ұйымдастырды.

«Біз қолдаймыз!» флешмобымен қарағандылық жастар «Нұр Отан» партиясы XVI съезінде Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаевты ҚР Президенттігіне үміткер ретінде ұсынуы шешімін қолдайтынын білдірді. Елбасының сайлауға қатысуға келіскені қуантты», — деді «Эйр Твист» ҚБ төрағасы Денис Береговой.

Ұйымдастырушылардың деректерінше, флешмобқа 5000 адам - облыс жастар ұйымдарының белсенділері, жоғары оқу орындарының студенттері, колледждер оқушылары қатысты.

ҚазАқпарат

Бәріміз біргеміз

Еліміздегі «Нұр Отан» партиясының 850 мың мүшесінің атынан съезге делегат болып қатысқандар алдында тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев сөз сөйлегенін теледидардан көріп, тындап, бір маркайып қалғанымыз рас. Әрдайым халықтың қамын ойлайтын Елбасы бұл жолы халықтың қалауын құп көріп, алдағы Президент сайлауына үміткер ретінде қатысатынын жеткізді. Бұл біздің де көкейімізде жүрген еді, сондықтан дән риза болып, бір жасап қалдық. Ең бастысы, партия съезінде Президент еліміздің бұдан былай да өркендеп, дамуы үшін тағы да бес халықтық реформа ұсынып отыр. Бәрі де елдің, қазақстандықтардың көңілінде жүрген өзекті мәселелер. Бүгінде біз сыртқы факторлардың мемлекет құрылысына ықпалының теріс әрекеттерінен жол бермеу, дамудың қол жеткізілген қарқынды сақтау, одан әрі даму үшін жағдайлар жасау, әлемнің отыз дамыған мемлекетіне қарай алға жылжуды жалғастыру жолында тер төгіп келеміз. Осы бір мүдде, бір мақсат жолында қазақстандықтар жұдырықтай жұмылуымыз керек деп есептеймін.

Елбасы ұсынған бес халықтық бағдарламаның біріншісі — Экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыруды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, кәсіби және автономиялы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мемлекетке қызмет ету біздің қоғамымыздың бірлігін нығайту үшін негіз болуы тиіс. Мемлекеттік қызмет этностық қатыстылығына қарамастан, меритократия қағидаттары негізінде өзін өзі көрсетуге бірдей мүмкіндіктер беретін әділетті қазақстандық қоғамның түпбейнесіне айналуы керек» деп қадап айтты. Расында біздің еліміздегі ұлтаралық татулыққа өзгелер қызыға қарайды, сондықтан осы бірлігімізді сақтап, келісіммен өмір сүріп, мемлекетке қызмет ету әрбір қазақстандықтың міндеті.

Мұнан әрі заң талаптарының баршаға ортақ екендігіне, судьялар мен құқық қорғау қызметкерлері ісінің ашық та мөлдірлігі, индустрияландыру — мемлекет дамуының және орта тапты қалыптастырудың маңызды факторы екендігі, тұрақтылық және келісімнің нәтижесінде қол жеткен табыстар, яғни Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтың құқықтық теңдігіне кепілдік беретіндігіне тоқталды. Соңында саяси тұрақтылықты нығайтуға баса назар аударды. Енді біз осы бағдарламаны жүзеге асырып, Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарынан ойып тұрып орын алуымыз тиіс. Бұл жолда ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаев ел Президенті ретінде бізден бірге болады деп сенеміз.

Сейілбек СЕРІКБАЕВ,
«Мирас» колледжінің оқытушысы



Ел жаңалығы

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде «Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жаңғырту туралы» тақырыбында ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жақыпованың қатысуымен брифинг өтті.

Әлеуметтік қамсыздандыру

Светлана Жақыпова 2014 жылғы 18 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстанның зейнетақы жүйесін әрі қарай жаңғырту тұжырымдамасында келесі өзгерістер қарастырылғанын алға тартты:

2017 жылғы 1 шілдеден зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы тағайындау; зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан кем болған жағдайда базалық зейнетақы күнкөріс деңгейі мөлшерінің 50% құрап, 10 жылдан асқанда әрбір толық жыл үшін күнкөріс деңгейі мөлшерінің 2% мөлшерінде ұлғайтып отыру;

2018 жылдан жұмыскер табысының 5% жарнасын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған шартты зейнетақы шотына аудару есебінен жаңа шартты-жинақтаушы компонента енгізу;жұмыскер зейнетақы жасына жеткенде және жүйеге қатысу өтілі 5 жылдан кем емес жағдайда шартты-жинақтаушы компонентадан берілетін зейнетақы мөлшері шартты зейнетақы шотында қалыптасқан зейнетақы құқығына және болжалды өмір сүру ұзақтығына байланысты анықталады. Зейнетақы өмір бойы төленеді және мұрагерлікке берілмейді.

Вице-министр 2015 жылғы мамырдан бастап «Қазпошта» АҚ және мобильдік халыққа қызмет көрсету орталықтарының

мамандары алыс аудандардың елді мекендерінде тұратын азаматтардан зейнетақы мен жәрдемақы тағайындауға, сондай-ақ, медициналық-әлеуметтік сараптама қызметінің мүгедектікті белгілеуіне құжаттар қабылдау ұйымдастыратынын жеткізді. Қызмет алушыларға тұрғылықты жерлерінде көрсетілетін мұндай қызметтер (құжаттар қабылдау және есеп-шот ашу) қолайлы жағдай жасап, мемлекеттік қызметтер алуға кететін шығын мен уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Светлана Жақыпова 2015 жылғы 20 ақпанда Елбасы «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР Заңына қол қойғанын еске салды. Ол құжат азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және өзге де құқықтарын іске асыруда мүгедектерге өзге азаматтармен теңдей жағдай жасауға бағытталған. Айта кету керек, Конвенция мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың қазіргі жүйесінде жалпылай алғанда көрініс тапқан.

Мүгедектерді жұмыспен қамтуға ерекше маңыз беріледі. Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында 2014 жылы хабарласқан 14 мың мүгедек жанның ішінде 7,3 мыңы (52,1%) жұмыспен қамтылды. Қоғамдық жұмыстарға 3,7 мың мүгедек қатысты. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі 761 адам әлеуметтік жұмыстарға орналастырылды.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар жалпы жұмыс орындарының 3% мөлшерінде квота белгілеу арқылы мүгедектерді жұмыспен қамтиды. 2014 жылы квота аясында 6 мың мүгедек жан немесе жалпы жұмыспен қамтылғандардың (12,9 мың адам)46,5% жұмысқа орналастырылды.

Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде. Барлық өңірлер нысандарды хаттау және бейімдеу жоспарын бекітті. 24,4 мың нысан құжатталып, бейімделуге тиіс 18,9 мың нысанның 2371-і бейімделді.

Светлана Жақыпова 2009 жылдан бастап арнаулы әлеуметтік қызметтерді кезең-кезеңмен енгізу арқылы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап көрсетті. Бұл шаралар халықты әлеуметтік қорғау саласындағыарнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарында анықталған тәртіп пен талаптарға сай іске асырылуда. Стандарттарды іске асыру кезеңінде қазіргі медициналық-әлеуметтік ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жақсартылып, штаттық санын кеңейту есебінен көрсетілетін қызметтердің сапасы арта түсті.

Үкіметтік емес секторда 74 YEҰ арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетті, бұл 2009 жылмен (10 YEҰ) салыстырғанда 7,4 есеге көп. Осы мақсаттарға 2009 жылдан бастап 204 жылдар аралығында республикалық бюджеттен 2,6 млрд. теңге бөлінді.

2015 жылы мынадай іс-шаралар жоспарлануда:

- БҰҰ ДБ 2015 жылға арналған жобасының шеңберінде елімізде шағын сыйымдылықтағы үйлер желісін дамытудың мониторингі мен орындылығын айқындаумен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналастыру немесе қызметтерді сатып алу арқылы шағын сыйымдылықтағы үйлерді дамыту жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру;

- ММ-ны басқа өңірлерде де мүгедектер мен қарт адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелердегі мемлекеттік кәсіпорынға ауыстыруды меншік нысанын алмастыру мәселесін қарастыру және пилоттық жобалардың нәтижелерін зерттеу арқылы 2015 жылы Алматы және Астана қалаларында пилоттық режимде жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Әлеуметтік даму тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде Министрлік азаматтардың табысы аз санатын әлеуметтік қорғаудың пассив моделіне өту жұмыстарын жүргізуде.


Аталған тәсілдер 2014 жылы отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және өту, қажеттігіне қарай отбасы мүшелерін әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысу шартымен әлеуметтік келісімшарт негізінде шартты ақшалай көмек көрсетуді көздейтін «Өрлеу» пилоттық жобасын үш облыста (Ақмола, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында) қолға алу арқылы іске асырыла бастады. Өткен жылы жобаға 4 мыңға жуық отбасы қатысты. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына 5066 адам немесе «Өрлеу» жобасының еңбекке қабілетті қатысушыларының жалпы санының 88% тартылды.

Сәйкесінше, жобаға қатысушылардың табысы (2 еседен артық) артты, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың құрылымындағы еңбекке қабілетті тұрғындардың үлесі 21,1%-ға, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны -16%-ға, балалар жәрдемақысын алатындар саны - 3,7%-ға қысқарды.

Өткен жылғы жұмыс қорытындысын ескеретін болсақ, 2015 жылы: механизмдерін жетілдіре отырып пилоттық жобаны іске асыруды жалғастыру; бүкіл еліміз бойынша әлеуметтік келісімшарт талаптарында шартты әлеуметтік көмекті 2016 жылғы 1 шілдеден бастап толыққанды енгізу үшін нормаларды көздейтін заң жобасын әзірлеу; 2015 жылғы 1 шілдеден бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен барлық өңірлерде «Өрлеу» жобасына ұқсас өңірлік пилоттық жобаларды әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

Вице-министр балалы отбасылардың әлеуметтік жағдайын нығайту мақсатында республикада жүйелі және кешенді жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мынадай әлеуметтік төлемдер:

- бала туғанда берілетін жәрдемақы (табысына қарамастан);
- отбасындағы туған және



тәрбиеленіп жатқан балалардың санына қарай сараланған мөлшерлерде отбасының табысына қарамастан бала туған күннен бастап ол бір жасқа толық толғанға дейін бала күтімі жөніндегі жәрдемақы;

- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға ең төмен жалақыдан 1,05 мөлшердегі жәрдемақы;

- кірісі кедейлік шегінің мөлшерінен аспайтын аз қамтылған отбасыларға айлық есептік көрсеткіштен 1,05 мөлшерде тағайындалатын және төленетін 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы көзделген.

Көп балалы аналардың мәртебесі мен абыройын арттыру үшін 2014 жылы мемлекеттік наградалармен марапатталған көп балалы аналарға табысына қарамастан 11853 теңге мөлшерінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалды. Олардың саны жалпы еліміз бойынша орта есеппен 245,8 мың болды, аталған жәрдемақыны төлеуге 2014 жылы республикалық бюджеттен 34,6 млрд. теңге бөлінді.

Мемлекеттен 7705 теңге мөлшерінде осыған ұқсас қолдауды төрт балалы және одан көп көмелетке толмаған бірге тұратын балалары бар 220,1 мыңдай көп балалы отбасы алады. Бұл мақсаттарға 2014 жылы республикалық бюджеттен 20,6 млрд. теңге бөлінді.

Брифинг соңында Светлана Жақыпова 2015 жылы Ұлы Отан соғысына (ҰОС) қатысқандар мен мүгедектерге, оларға теңестірілген тұлғаларға, тыл еңбеккерлеріне және Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске үлес қосқан ҚР өзге де азаматтарына бір реттік материалдық көмек беруге республикалық бюджетте 5 млрд. 690 млн. теңге қарастырылғанын айтып берді.

Нақты айтқанда, бір реттік материалдық көмек келесі ретте қарастырылған:

- ҰОС қатысқандар мен мүгедектерге 100 мың теңге;
- ҰОС қатысқандар мен мүгедектерге теңестірілген тұлғаларға, Жеңіске үлес қосқан азаматтарға 70 мың теңге;
- ҰОС кезінде қаза тапқан әскери қызметкерлердің жұбайларына, ата-аналарына, Ленинград қоршауында болған тұрғындарға және Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, гетто және өзге де мәжбүрлеп ұстау орындарында көмелеттік жасқа дейін тұтқында болғандарға 30 мың теңге;

- тыл еңбеккерлеріне және Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедектерінің жұбайларына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі үшін оларға теңестірілген тұлғаларға 25 мың теңге.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің баспасөз қызметі



Демографиялық саясат

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат: практикасы және даму келешегі» тақырыбына ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшелерінің брифингі өтті.

Ағымдағы жылдың қаңтарында Мемлекеттік хатшы, Ұлттық комиссия Төрайымы Гүлшара Әбдіхалықоваағымдағы жылға қызметтің негізгі бағыттарын белгіледі. Г.Н.Әбдіхалықова2015 жылы Ұлттық комиссияның Жұмыс жоспарын іске асыру Ел басының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» жолдауының негізгі бағыттарымен байланысты екендігін атап өтті. Негізгі қызмет аймақтық деңгейдегі жұмыстарға жұмылдырылған: әйелдерді еңбекпен қамтамасыз ету, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау, Жаңа экономикалық саясат аясында іске асырылатын барлық инфрақұрылымдық жобаларға әйелдерді тарту, сондай-ақ,осы жылдың атаулы оқиғалары –

Қазақ хандығының құрылуына 550 жылдығын, Ұлы Отан соғысының 70-жылдық Жеңісін, Қазақстан Халықтар Ассамблеясының 20-жылдығын өткізуге олардың қатысуы.

Жылдың басынан Г.Н. Әбдіхалықова әйелдер қоғамдастығының Алматы қаласы және Оңтүстік Қазақстан облысы өкілдерімен, Қазақстандағы халықаралық ұйым басшыларымен бірқатар кездесулер өткізді.

Брифингте Ұлттық комиссия төрайымының орынбасары Елена Ивановна Тарасенко әйелдердің, отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі артықшылықтарын іске асыру бойынша Ұлттық комиссияның қызметі туралы әңгімеледі. Е.Тарасенко, Қазақстан кедейлікті қысқарту, бастауыш білімнің және

Ұлттық комиссия отырысы өтті

гендерлік теңдікке қолжетімділік бойынша мыңжылдықты дамыту мақсатын мерзімінен бұрын орындағандығынаатап өтті.

Тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер қағидаларын қамтамасыз ету бойынша Қазақстанның жетістіктері халықаралық сарапшылармен және басқа елдермен бағаланды. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мәселесі 2010 жылғы Қазақстанның ОБСЕ өкілдігінің ең жоғары артықшылықтарының бірі болды.

2014 жылы Женевада БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитетінде Қазақстан Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою туралы тұжырымдамасын орындау бойынша өзінің баяндамасын сәтті таныстырды. Қазіргі уақытта отбасы институтын нығайту, қоғамда отбасылық құндылықтарды көбейту бойынша жұмыстар белсенді жүргізіліп жатыр. Отбасы күні, «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы бекітілді. Заңнамалық деңгейде әйелдердің лайықты еңбек жағдайларына ие болу құқықтары белгіленді. Әйелдер еңбекпен қамтамасыз етуге ықпал ету қызметтерін

алудың артықшылық құқығына ие.

Кәсіпкерлікпен айланысатын әйелдердің үлесі бүгінгі күні 50% артты. 40% ШОБ субъектілерінің басшылары кәсіпкер-әйелдер болып табылады. Осыған орай Қостанай және Қарағанды облыстарында ШОБ субъектілерінің үлесі әйелдердің басқаруымен 48% жетті.

2013 жылы ІӨЖ қазақстандық әйелдердің үлесі 39,3% құрады, бұл шамамен 92,7 млрд. АҚШ доллар. Соңғы 10 жыл ішінде басшы әйелдердің саны 2 есеге артты және 20,7% құрады. Депутаттар саны 26% жетті. Елдегі қалалық маслихаттарға депутат-әйелдерді ұсыну артты, ол 22% құрады. Қазақстан әлем парламенттерінің заңнамалық құрылымының деңгейінен асып түсті, Дүниежүзілік банкінің зерттеуі бойынша 2013 жылы ондағы орташа әйелдер үлесі 20% құрады.

ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия хатшылығы



Ешкім де ұмытылмайды

Самарқандық жауынгерлер! Ендерді мәңгі есте сақтаймыз!



КАЛУЖЕНИН
Александр Егорович

Қатардағы жауынгер 1926 жылы Сталинград облысының Камышский ауданындағы Лебяжье селосында туған. Самарқан поселкесіндегі «Заря» артелінде пима басушы болып істеген. Әскер қатарына 1943жылы 24 қаңтарда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комисариатынан шақырылған. 1945 жылы наурызда хабар-ошарсыз кеткен.

Суреті сақталмаған


КАЛЯКИН
Иван Павлович

Қатардағы жауынгер. 1918 жылы Сталинград облысының Хиряй Солодчинский ауданында туған. Самарқан полселкесіндегі ҚарГРЭС-1-де өрт сөндіруші болып жұмыс істеген. Әскер қатарына 1942 жылы 11 наурызда Қарағанды қаласындағы Киров әскери комисариатынан шақырылған. Қырым майданында соғысқан. 1942 жылы мамыр айында Керчь маңайында хабар-ошарсыз кеткен.

Суреті сақталмаған

КАЛУЖЕНИН
Михаил Егорович

Қатардағы әскер бөлімнің далалық почтасы 01959. 1918 жылы Сталинград облысының Камышский ауданындағы Лебяжье селосында туған. Әскер қатарына 1942 жылы қаңтарда шақырылған. Батыс майданда соғысқан. 1943 жылы 4 қыркүйекте оққа ұшқан. Смоленск облысы Ярцевский ауданының Крапива деревнясының батыс жағында жерленген.



поселкесіне жіберді. Жатқан жерімізде от жағылмайтын, сыртқы киіммен қолдан жасалған ағаш төсекте ұйықтайтынбыз. Тамақ та жоқ, бір қасық картоп, 200 грамм нан беретін-ді. Аяқ киім болмағандықтан аяғымызды қолға түскен шүберекпен орап алатынбыз, — деп еске алады Екатерина Васильевна сол жылдар туралы.

Жас маман ҚарГРЭС-1 зертханасында еңбек жолын бастаған, алғашқы кезде жұмысқа жалаңаяқ барып жүргенін күлкілі жағдай ретінде еске алады қазір. Бірақ ештеңені ойлауға уақыт жоқ еді. Олар «Бәрі де майдан үшін, Бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен өмір сүрді.

Мұражай қызметкерлері өмір тарихы туралы деректер жинаған тағы бір тыл еңбеккері Нина Соколова ол кезде он бір жастағы қыз еді.

— Анам ерте қайтыс болды, әкем соғыстан мүгедек болып оралған, бірде сабақтан келгенде үйде тіске басатын ештеңе болмады. Әкем «маған таяу жерде қарақат өсіп тұр, соны алып же» деген, бірақ қарасам ол әлі піспеген. Бірақ соны талшық етуге тура келді. Аштан өлмес үшін пимамның қонышын кесіп, үйге киетін аяқ киім тіктім, ертеңіне оны бір бөлке нанға айырбастағандағы қуанышымызды көрсеніз. Менен үлкен апам заводта снаряд жасайтын жұмыста болды, біз бала болсақ та сол заттарды жәшікке орналастырып, сұлы ботқа жеп, әйтеуір Жеңіске жеттік, — деп еске алады Нина Александровна.

Мұражай қызметкерлері мұндай деректерді әлі де жинастыра беретіндіктерін айтады, теміртаулықтардың қолында сол бір зұлмат жылдардан хабардар ететін суреттер, хаттар, басқа да заттар болса, хабарласқандары жөн. Егер соғысқа қатысқандар, тыл еңбеккерлері өздерінің естеліктерін айтып, жаздырғылары келсе, оған да мүмкіндік бар. Биыл Жеңістің 70 жылдығы, осы үлкен мерейтойды пайдаланып, сонау бір алыстап кеткен сұрапыл тарихты есте қалдыруға бұл да мол мүмкіндік. Олай болса, ешкім де, ештеңе де ұмытылмауы керек. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы туралы қандай да бір де-

Соғыс және әйел бұл бір ұғымға сия ма?



Соғыс кезінде нәзік жандар қолдарына ару алып, фашистермен тікелей айкаса шықты, олардың саны бір миллионға жуық делінеді. Тіпті кейбіреуі жастарын әдейі үлкейтіп жаздырып, қалай да майдан даласына баруға ұмтылған. Сол кезде еліміздегі ерікті түрде соғысқа баруға сұранғандардың қырық пайызы әйелдер деген мәлімет те бар. Осындай жанқиярлық үлгісін көрсеткен әйел-аналар біздің Теміртауда да аз емес.

— Соның бірі біздің жерелсіміз Нина Петрова, ол небәрі он сегіз жаста Ленинград қаласын қорғауға қатысқан. Ондаған сағат бойы табан аудармастан бір позицияда андып жатып, винтовкадан жауды баудай түсірген Нина Павловна қазір біздің қалада тұрып жатыр, — дейді мұражайдың аға ғылыми қызметкері Татьяна Хмелева.

Соғыстың алғашқы жылдарында емес, қысылтаяң екінші, үшінші жылдарында еліміздің екі жүз мыңнан аса қыз-келіншегі әскер қатарына шақырылған. Олар негізінен байланыс, әуе қорғанысына қарсы әскерлерде қызмет еткен. Әрине, көбінің жұмысы майдан шебінген алыс еді, дегенмен, нақты ұрыс шебінде болғандары да аз емес. Оның нағыз мысалын халқымыздың мерген қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұловадан көруге болады. Қанды қырғынның тағы бір тірі кейіпкері Екатерина Гануленко соғыс басталғанда Мәскеудегі балалар үйінде



тәрбиеленіп жүрген, кейін Қазақстанға қоныс аударды.

— 1943 жылы бізді жұмысшылар даярлайтын училищеде оқыту үшін Самарқанд


ректер, мәліметтер білсеніз, қалалық тарихи-өлкетану мұражайына хабарласыңыздар.

Өз тілшімізден



Зерде

Халқымыздың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы туралы: «Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» деген жыры көпке мәлім. Бірақ сол соғыстың адамзатқа қаншама зардабын тигізгенін есептеп шығару мүмкін емес. Ол зұлматтан тек қолына қару ұстаған ерлер ғана емес, әйелдер де, балалар да зардап шекті. Соның бір мысалдарын қалалық тарихи-өлкетану мұражай жинаған жәдігерлерден көруге болады. Өткен ғасырдың қырықыншы жылдары Самарқанд жұмысшы кенті ғана болатын, адамдардың саны да мүлде аз, алғашқы лекте майданға екі жүзге жуық бозбала аттанған. Ал елде қалып, солардың тілегін тілеген, қимай аттандырған, сағына күткен аналар, қыз-келіншектер, бала-шаға қаншама? Бұл жөнінде мұражайдағы «Соғыстың әйел бейнесі» деген бөлімнен көруге болады.



Ел және Елбасы

Президенттің елімізді өркендету жолындағы бес халықтық реформасы



лар, министрлердің, әкімдер мен өзге де басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметке әсер етпеуі тиіс. Ағымдағы позициялықтан мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу қажет. Әрбір басшы төменнен бастап барлық басқару сатыларынан өтуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілерге, олардың басқару үдерісіне қосқан үлесінің нәтижелілігі бойынша

Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі

Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті делегаттар мен съезд қонақтары! Баршаңызды съезд жұмысының басталуымен құттықтаймын. Сіздер байтақ Қазақстанның барлық аймақтарын қамтитын 850 мың партия мүшесінің атынан келіп отырсыздар. Мен барша партиялас серіктеріме еліміздің гүлденуі мен өсіп-өркендеуі үшін төгілген өлшеусіз тер мен ортақ патриоттық еңбектеріңіз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Алдымызда еліміз үшін тағы бір тағдырлы, тарихи белес тұр. Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастамасы халықтың тарапынан қызу қолдау тапты. Санаулы күнде маған бұл мәселеге қатысты мыңдаған хат келіп түсті. Құзырлы органдар бұл бастаманы еліміздің заңдарына сәйкес деп тапты. 26 сәуірде кезектен тыс президент сайлауын өткізу туралы менің Жарлығым халқымыздың бастамасына жауап болды. Бұл – Отанымызды, бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы біздің бағытымызды жалғастыруға жалпыхалықтық ұмытылыс пен бірліктің дәлелі.

Құрметті қазақстандықтар!
Тәуелсіздік жылдары ішінде біз Ұлы жолды жүріп өттік. Біздің еліміз әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енді. ІЖӨ 20 есе өсіп, 2014 жылы жан басына шаққанда 13 мың долларды құрады. Бүгінде біз «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына енуге қол жеткізу жолында жұмыс жүргіздеміз. Өткен 4 жылда 2011 жылдың сайлау науқаны барысында мен айтқан барлық міндеттерге қол жеткізілді.

Біріншіден, ІЖӨ көлемі орта есеппен жыл сайын 5,7 пайызға өсіп отырды. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың бірінші бесжылдық жоспары аяқталды.

Екіншіден, аграрлық сектор даму үшін қуатты серпін алды.

Үшіншіден, инфрақұрылымдық салаларда үлкен өзгерістер болды.

Төртіншіден, шағын және орта бизнес дамып келеді.

Бесіншіден, Қазақстан әлеуметтік жаңғыру жолына бет бұрды. 2010 жылдан бері халықтың табыстары 43 пайызға, ал айлық еңбекақы 130 мың теңгеге жақындап, 64 пайызға өсті. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 1,4 есеге, ең төменгі зейнетақы 1,8 есеге өсті.

Алтыншыдан, 4 жыл ішінде ауқымды әкімшілік реформа жүргізілді. Мемлекеттік аппарат реформаланып, Үкіметтің функцияларының



60 пайызы министрліктер мен әкімдіктер деңгейіне берілді. Министрліктер саны 17-ден 12-ге дейін оңтайландырылды. 9 агенттік қысқартылып, комитеттер ретінде министрліктер құрамына берілді. Аудандық маңыздағы қалалар әкімдерінің, сондай-ақ селолық әкімдердің сайланбалылығы енгізілді. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде терең реформалар жүруде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес жүргізілуде. Конфессияаралық келісім мен тыныштықтың арқаулық негізі ретінде мемлекеттің зайырлылық сипаты нығайтылды.

Жетіншіден, елдің халықаралық беделі нығайып келеді. Бүтіндей алғанда, біз жоспарланғандардың бәріне қол жеткіздік! Алға қарай қарышты қадам жасалды! Бұл баршамыздың ортақ жеңіс маршымыз! Қазіргі уақытта әлемдегі ахуал күрделілене түсуде. Әлемдік рыноктарда энергия көздері мен металл бағаларының құлдырауы экономикалық тәуекелдерді күрт ұлғайтып жіберді. Барлық дерлік мемлекеттер елеулі геосаяси және экономикалық сын-қатерлерді бастан өткеруде.

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты Қазақстанның экономикалық тәуекелдерге қояр тосқауылы болды. Ол, біріншіден, инфрақұрылымдық дамудың мем-

лекеттік бағдарламасы аясында экономикалық ауытқушылыққа қарсы іс-қимыл шараларынан, екіншіден, индустрияландыру бағытының екінші бес жылдығын одан әрі жалғастырудан тұрады. Сондай-ақ, әлеуметтік саясат та айқын белгіленді. Қатаң бюджеттік саясат пен үнем мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне өзгеріс енгізбейді. Сонымен бірге, жаһандық сын-қатерлер мен тәуекелдердің тереңдігі сондай, ол әр мемлекеттің тұрақтылығы мен табыстылығын сынаққа салады. Сондықтан да біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр.

Біріншіден, сыртқы факторлардың мемлекет құрылысына ықпалының теріс сценарийіне жол бермеу.

Екіншіден, дамудың қол жеткізілген қарқынын сақтау.

Үшіншіден, одан әрі даму үшін жағдайлар жасау.

Төртіншіден, әлемнің 30 дамыған мемлекетіне қарай алға жылжуды жалғастыру.

Біздің мемлекеттілігіміздің ауқымды сын-қатерлеріне қалыптан тыс және күшті жауап беру қажет. Бір орында тұруға болмайды. Өз табыстарымызды арқау етіп өзіміздің мемлекеттілігімізді дамыту үшін біздің алға қарай қозғалуымыз керек. Сондықтан да мен бес институттық реформаны

алға тартамын.

Бірінші – Экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыруды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, кәсіби және автономиялы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру. Бүгінде әкімшілік мемлекеттік қызметтің саяси деңгейге тәуелді екенін көрмеу мүмкін емес. Бұл, тіпті, ешқандай саясатсыз кәсіби басқару қажет болған кездің өзінде де шешімдер қабылдауды саясаттандырады. Мемлекеттік аппаратта белгілі бір қамқоршының айналасында команда қалыптасады. Мұндай патронат жемқорлық үшін жағдайлар туғызады, тамыртаныстықты туындатады, кадрлық әлеуетті төмендетеді. Сонымен бірге, еңбекке ақы төлеудің төмендігінен мемлекеттік қызмет тартымсыз күйінде қалуда. Көбіне көп мемлекеттік қызметшілерде айқын мансаптық келешек жоқ, ал қызметте жоғарылау сол баяғы қамқоршыларға байланысты. Мен маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың түрлі деңгейлердегі жекелеген шенеуніктердің біліксіздігінен «зардап шегіп» жатқанын білемін. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономиялы етіп жасау маңызды міндет болып табылады. Сайлау-

еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу қажет. Олардың қызметтері мен экономикада қол жеткізген табыстарының әр жылдағы нәтижелері бойынша саяси қызметшілер үшін бонустар және әкімшілік қызметшілер үшін сыйақылар төлеуді қарастыру қажет. Жақсы жұмыс істесе – бонус алады. Жаман жұмыс істесе, экономикада өсу және нәтижелері жоқ болса – тиісінше, еңбекақысы да төмендейді. Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге талантты кандидаттарды, соның ішінде жеке сектордан да, іздеудің жаңа арналарын ашатын уақыт келді. Белгілі бір лауазымдарға шетелдік менеджерлерді тарту орынды болмақ. Тілді білмеу де, азаматтық та бұл орайда кедергі болуға тиіс емес. Көптеген табысты елдер осылай жасайды. Мемлекеттік қызметке қабылдау үшін біліктілік талаптары қатаңдатылуы тиіс. Барлық деңгейлердегі мемлекеттік қызметшілерді толық аттестаттаудан өткізу қажет. Меритократия қағидаттарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жүйелі жұмысты жолға қою маңызды. Ол үшін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылымында сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жеке дербес бөлімшені құру қажет. Меритократия тек мемлекеттік ап-

парат үшін ғана емес, сонымен бірге, соттарды, құқық қорғау органдарын, ұлттық компаниялар мен холдингтерді қоса алғанда, бүкіл мемлекеттік сектор үшін де жалпыға бірдей қағидатқа айналуы тиіс. Бізге Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды әзірлеу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңға өзгерістер енгізу қажет болады. Мемлекетке қызмет ету біздің қоғамымыздың бірлігін нығайту үшін негіз болуы тиіс. Мемлекеттік қызмет этностық қатыстылығына қарамастан, меритократия қағидаттары негізінде өзін өзі көрсетуге бірдей мүмкіндіктер беретін әділетті қазақстандық қоғамның түпбейнесіне айналуы керек.

Екінші – Меншік құқығына кепілдік беретін, кәсіпкерлік қызмет үшін, келісімшарттық міндеттемелерді қорғау үшін жағдай жасайтын, түптеп келгенде экономикалық өсім үшін негіз болатын заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Бүгінде сот жүйесінің әлсіз буыны – судьялар корпусы арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жиі-жиі соқтырып жататын судьяларды іріктеу, судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының тиімсіздігі. Судьялар корпорациямен меңіреу тұмшаланбауы тиіс және қоғамдық сыннан тыс болмауы керек. Ашықтық – судьялар қатарындағы жемқорлықтан емдейтін дәрі. Ішкі істер органдарының жұмысы да қоғам үшін мөлдір емес. Полиция қоғамның өзіне деген сенімін арттыратындай етіп жұмыс істеуі керек. Бүгінде азаматтар жол инспекциясы офицерінің жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін әкімге немесе министрге айыппұл салатынына онша сене қоймайды. Бұл ретте АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысына қатысты таяуда болған мысалды келтіруге болады. Джон Керриге өз үйінің алдындағы қарды тазартпағаны үшін айыппұл салынды. Сондықтан полицияның мәртебесі мен оның азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыру қажет. Құқық қорғау органдарының мөлдірлігін, ақпараттық технологияларды дамыту, патрульдік қызметті бейнетіркеушілермен жабдықтау бойынша шаралар дестесін қалыптастыру керек. Полицияға кәсіби және психологиялық іріктеудің жаңа жүйесін енгізіп, полицейлердің өздерінің біліктіліктерін тұрақты түрде арттырып және растап отыруын қамтамасыз ету маңызды. Судьяларға қойылатын біліктілік талаптарын қатайту қажет. Судьялар корпусындағы орыннан үміткер кандидаттың нотариуста, полицияда немесе заңгерлік ЖОО-да емес, сот жүйесінде бес жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс. Кандидаттар негізгі жұмысынан босатылған негізде және бір жылдан кем емес мерзімде соттарда өтетін сот тағылымдамасы үшін шарт ретінде қатаң тестілік іріктеуден өтуі тиіс. Кез келген жоғары тұрған судья төменгі соттарда жұмыс істеп көруі керек. Сол сияқты қызметің жаңа бастаған судьялар үшін ұзақтығы бір жылдан кем емес сынақ мерзімін енгізу де маңызды, оны табысты өткеннен кейін олардың үздіктері судьялыққа сайланады. Шетелдік және отандық инвесторлар қазақстандық әділ соттың адалдығына сенімді болуы тиіс. Оған деген сенімді арттыру үшін инвестициялық дауларды қарауға шетелдік судьяларды тартып, мұндай дауларды шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша қарау қажет. Айрықша мәселе – елдің Қарулы Күштерін жаңғырту. Олар заманауи, жұмылғыш, кәсіби болуы тиіс. Кәсібилік және озық қару-жарақпен, сондай-ақ, техникамен жарақтандыру есебінен армияның жауынгерлік қабілетін арттыруды қамтамасыз ету керек.

Үшінші – Индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім. Кәсіби мемлекеттік қызмет және заңның үстемдігі орта тапты жедел қалыптастыру үшін экономикалық реформалардың кешенін жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сапалы өсім мен экономиканы әртараптандыруға қол жеткізу үшін біз индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырудамыз. Ол уақтылы және мейлінше қажет шара болып табылады. Индустрияландыру – экономиканың құралы ғана емес, сонымен бірге, мемлекет дамуының және орта тапты қалыптастырудың маңызды факторы. Дегенмен, индустрияландыру мен өңдеу секторы әзірге экономикалық өсімнің нағыз қозғаушысы бола алған жоқ. Үкімет онымен айналысуы тиіс. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесінде де қиғаштықтар бар. Аграрлық секторға бюджеттен қосымша құны төмен сала өнімдері өндірісін субсидиялауға қомақты қаржы бөлінеді. Оның үстіне, ауыл өндірушілері салық төлемейді десе де болады. Бүгінде ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу секторын жаңа кешенді бағдарламалар негізінде дамыту маңызды. Бұл орайда, қайта өңдеу салаларында трансұлттық компаниялардың қатысуымен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыруға кірісу қажет. Индустрияландыру, сонымен қатар, шағын және орта бизнес арқылы жұмыс орындарын құру мен елдің экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталып отыр. Қазір кедендік ресімдеулер көп уақыт алады, тариф саясаты күрделі және шым-шытырық болып табылады, тарифтік емес кедергілер әлемдік тәжірибеге кереғар келеді. Еуразиялық одақ аясында тариф саясатын оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізу қажет. Болашақтағы басты міндет экономикалық даму серпінін қамтамасыз ету болып отыр. Жұмыстың қорытындылары экономиканы әртараптандыру есебінен жаңа 3-4 экспорттық өнімдердің туындауы болуы тиіс. Шағын және орта сервистік кәсіпорындар саласындағы даму шешуші бағыт болып табылады. Туризмді дамытудың жаңа бағдарламасын қабылдаған жөн. Бұл – артық еңбек ресурстарын ауылды жерлерге тартудың маңызды мәселесі. Бізде урбанизация әлсіз. Халықтың 43 пайызы ауылды жерлерде тұрады. Қазақстанның интеграциялық саясаты барысында ел экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстарға тартылуын кеңейту үшін құралдар қалыптастырылды. Алматыда қаржы орталығын құру үдерісі жоғары серпінділік алуы тиіс. Бұл жерде Алматының арнайы мәртебесін заңнамалық бекіту маңызды.

Төртінші – Болашағы біртұтас ұлт. Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеттік. Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтың құқықтық теңдігіне кепілдік береді. Сонымен қатар, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайту қажет. Ол азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Барлық азаматтар құқықтың бір көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бір жүгін арқалауы және тең мүмкіндікке қолжетімділікті иеленуі керек. Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады. Мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқына айрықша


жауапкершілік жүктеледі. Қазақтар Жаңа Қазақстанның болмысын қалыптастыруда барша ұлыстарды ұйыстырушы рөлге ие. Бұл – қазақтың ұлттық сипатын сақтап, дамытудың және еліміздің қазақы болмысын нығайтудың басты факторы. Тілдердің үштұғырлығын – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту – қоғамды топтастырудың, оның бәсекеге қабілеттілігі өсімінің кепілі. Қазақстанның барлық азаматтары үшін қандай да бір өзгешеліктер мен шектеулерсіз тиімді әлеуметтік лифтерді қамтамасыз ету қажет. Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтар жаңа жалпыұлттық құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтарды – өздерінің этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюлары керек. Барлық қазақстандықтар үшін қазақстандықтың бойында азиялықтың да, еуропалықтың да озық сапаларын шынайы сүзгіден өткізетін еуразиялық идеясы біріктіруші болып табылады. Орта тап қазақстандық ұлттың негізі, кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырудың қайнар көзі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл – заң үстемдігіне барынша мүдделі және мемлекеттің халық пен елдегі тұрақтылыққа есептілігінің қозғаушы күші. Сондықтан нақ кең көлемді орта тап ұлттық біртектілікті қалыптастырудың өзегі болып табылады. Мемлекеттің аса маңызды құжатында ресімделген Мәңгілік Ел идеясы жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі ретінде көрінуі тиіс. Мектептерде бүкіл-қазақстандық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын оқыту бағдарламасына енгізу қажет. Біздің елімізде 17 конфессияның өкілдері бейбітшілік пен келісімде тату-тәтті тұрып жатыр. Олардың ішіндегі аса ірілері – ислам, православие және протестанттық. Қазақстан аумағында тарихи қалыптасқан Ханафит исламы ұстамдылығымен және төзімділігімен, ислам құндылықтарын парасатты түсіндіруімен ерекшеленеді. Қазақстандағы тегі славян тұрғындарының көп бөлігіне тән православие басты мәселе ретінде адамның ар-ұяты мен адамгершілік таңдауын, ізгілік пен аяушылықты қояды. Соңғы жылдары Қазақстанда протестанттық шіркеуге барушылар қатары өскені байқалады. Протестанттық табысты және өнімді еңбекті, ұқыптылық құндылықтары мен қайырымды істерді адам өмірінің өзегі ретінде қарастырады. Осылайша, әр діннің өз қасиеті бар. Олар қашанда қазақстандықтарды біріктіріп, бейбітшілік пен келісім, қоғам мен экономиканы дамыту, мемлекетті нығайту ісіне қызмет етуі тиіс.

Бесінші – Транспарентті және есеп беруші мемлекет. Қазақстан қоғамы өзгерістерге кезең-кезеңмен бейімделіп келеді. Бұл – бізге ішкі қарама-қайшылықтардың ушығуға ұрынбай, саяси тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды фактор. Көптеген елдердің тәжірибесі «әуелі – күшті мемлекет және экономика, содан кейін саясат» қағидатын бұзу апаттарға алып келіп, қоғамды «сындыратынын» көрсетіп отыр. Біреулерінде саяси режімдерді бұзу орын алып, басқаларында экономика қирап, жанжалдар және тіпті, азамат соғыстары пайда болады. Біз мұны түрлі елдердің тарихтарынан жақсы білеміз және бүгін көптеген мемлекеттерден көзбе-көз көріп отырмыз. Әлемнің түрлі өңірлеріндегі соңғы азамат соғыстары мен қанды жанжалдар тізбегі ойластырылмаған және жеделдетілген демократияландыру мемлекеттің тұрақтылығына кепілдік бермейтінін және табысты экономикалық жаңғыртуды қамтамасыз етпейтінін көрсетіп берді. Саяси мәдениетсіз сайлау-

дың салдарын көптеген елдердің қазіргі ахуалынан бағамдауға болады. Соңғы жылдары кейбір елдердің азаматтары еңбек етуді ұмытты. Наразылық шерулері сәнге айналды. Адамдары митингке шығуға күнделікті жұмысқа барғандай асығатын болды. Сол үшін оларға арандатушылар жалақы төлейтін болды. Сайлау жұртты біріктіретін емес, бауырларды бөлетін, ағайынды араздастырып, өзара қару кезендіретін болды. Көшедегі қарабайыр саясатшылық пен тек сайлаудан сайлауға дейін өмір сүру ақылды елдің жолы емес. Елге қызмет ету үшін емес, мансап үшін билікке ұмтылу да абырой әпермейді. Осы орайда ұлы Абайдың қара сөздерін еске түсіреймін. Ол үшінші қара сөзінде былай дейді: «Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па» деп елдің бұлданғанымен күн өтеді. Екінші жылы кандидатпен аңдысып күн өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күн өтеді. Енді несі қалды?». Сайлау – әншейін сайлау өткізу үшін емес, елді бірлікке шақырып, жұртты еңбекке ұйыту үшін болса, ғанибет. Сондықтан жоғарыда айтылып кеткен төрт мақсатты орындап, содан кейін саяси мәселелерге көшкен жөн. Бұл жолды дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отыр.

Бес институттық реформалар – ел дәл осындай ізділікпен өтуі тиіс бес қадам. Тек осындай жағдайда ғана біздің реформаларымыз тиімді болады, ал қоғам мен мемлекет біртұтас және тұрақты болады. Бұл осындай жолдан барлық табысты мемлекеттер өткен. Біріншіден, мемлекеттік органдар басшыларының есептілігі тәжірибесін кеңейткен жөн. Екіншіден, шешім қабылдау үдерісінің мөлдірлігін қамтамасыз ету керек. «Ашық үкімет» тегігі арқылы азаматтар барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың шешім қабылдау үдерістеріне белсенді тартылуы тиіс. Бұл үшін жасау және қабылдау алда тұрған көпшілік ақпараттарға қолжетімділік туралы жаңа заң осыған негіз болады. Мемлекеттік органдар мен әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту маңызды. Үшіншіден, азаматтық бюджеттендіруді енгізген жөн. Өңгіме азаматтық қоғам өкілдерінің өңірлердегі бюджет қаржысын бөлуге қатысуы туралы болып отыр. Төртіншіден, шағым жасау жүйесін нығайту маңызды. Заңнамада азаматтардың мемлекеттік қызметшілердіңіс-қимылынашағым жасауына мүмкіндіктер кеңейтілген болуы керек. Бесіншіден, қоғамда өзін өзі реттеуді кеңінен енгізуді қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік органдар жауапкершілігі аймағын әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызмет көрсетулер, олардың дайындығына орай азаматтық қоғам институттарына байланысты өкілеттіктерді бере отырып, кезең-кезеңмен қысқарту керек. Осы бес бағыт бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілуімен жергілікті атқарушы органдардың жаңа сайлау жүйесі туралы мәселені шешуге болады. Билік өкілеттіктерін біздің дәстүрлерімізді есепке ала отырып Президенттен Парламентке және Үкіметке қайта бөлуді көздейтін конституциялық реформа кезең-кезеңімен жүргізілетін болуы тиіс.

Осы бес реформа жинала келіп, Қазақстан мемлекеттілігін нығайту мен әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін жағдайлар жасайды. Бұл – «2050-Стратегиясын» орындауға бастар жол. Бес институттық реформаның әрқайсысы – ел үшін орасан зор сын-қатер және үлкен жұмыс. Мұндай реформалар тек билік пен халықтың мықты ерік-жігерімен ғана қамтамасыз етіле ала-



ды. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, күшті мемлекет, дамыған және либералды қоғам қалыптасуы үшін елдің алға қарай 40-50 жыл бойы тұрақты қозғалысы қажет. Ұсынылып отырған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді. Оларды жүргізу үшін мен Президент жанынан Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құруды ұсынамын. Ол бүкіл реформалар кешенін жүзеге асыруды үйлестіретін болады. Осылайша, біздің алдағы жылдардағы ең өзекті мақсатымыз – осы бес халықтық реформаны іске қосып, кезең-кезеңімен жүзеге асыру. Қымбатты қазақстандықтар! Бірнеше күн ішінде мен еліміздің азаматтарынан, еңбек ұжымдарынан, білім беру мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктерден кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді қолдау және менің кандидатурамды осы сайлауға ұсыну туралы өтініш білдірген орасан көп хаттар мен үндеулер алдым. Менің Қазақстан мен қазақстандықтардың игілігі жолындағы еңбегіме жоғары баға берген баршаңызға зор рахмет! Өз халқыңның осындай сеніміне ие болудан артық марапат жоқ. Бүгін съезд мінберінен менің атыма жылы сөздер айтқан баршаға шын көңілден ризамын. Мен алдағы сайлауға «Нұр Отан» партиясынан президенттікке кандидат ретінде түсуге өзімнің келісімімді беретінім туралы мәлімдеймін. Мен сіздерді, менің серіктестерім – нұротандықтарды, барлық қазақстандықтарды тағы да топтасып, жеңіске жетуге шақырамын! Біздің ортақ рухани күшіміз бен жоғары мақсатымыз: Мәңгілік Ел! Ол біздің ХХІ ғасырдағы дамуымызды прогресс қуатымен толтыратын болады.


Қымбатты отандастар!

Тәуелсіздікті алу үшін қандай қажыр-қайрат керек болса, оны баянды ету үшін одан да зор қажыр-қайрат керек. Кейінгі ұрпаққа кемел Қазақстанды табыстау – бәрімізге ортақ парыз. Біз әлемдегі ең мықты 50 елдің сапына еркін қосылып, енді ең қуатты 30 елмен ыық тірестіру жолына түстік. Біздің ашық аспан астында ештеңеге теңгермейтін бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан! Бізге ХХІ ғасырда бағдар болатын бір ғана стратегия бар, ол – «Қазақстан-2050»! Баршамызды ерен істерге жетелейтін бір ғана ұлы мақсат бар, ол – Мәңгілік Ел! Осы жолда күллі халқымызды біріктіруге, мақсатымызды орындауға жұмылдыратын «Нұр Отан» партиясы! Қасиетті Отанымызды нұрландыра түсу үшін бір тудың түбіне жиналып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық!

Біз қашанда біргеміз!

Алға, Нұр Отан!

Алға, Қазақстан!



История Наурыза

№ 10 (12) 13 наурыз 2015 жыл



Наурыз мейрамы – 2015

Недавно благополучно завершился календарь Майя. Вокруг этого события средства массовой информации устроили такой ажиотаж, что, пожалуй, все человечество получило исчерпывающие сведения о конце света. Возможно, сами маинские оракулы не смогли предвидеть, как будущие ясновидящие исказят их астрономические вычисления. В результате чего, другие исчисления о начале новой жизни, которая известна человечеству намного раньше календаря Майя, значительно потускнели в людской памяти.

другие украшения. При нем появились первые бани, из половых желез антилоп добывались пахучие вещества - духи. Он скрещивал осла с лошастью и получил выючную породу. Также вникнув в суть календаря, назначил день празднования начала года в день весеннего равноденствия и назвал его НОВРУЗ – по персидски «новый день».

Из этих и последовавших преданий становится очевидным, что Наурыз в станах востока и Средней Азии праздновался задолго до появления исламской культуры.

В ходе правления различных царей и по различным обстоятельствам (военные положения, недобор урожая, усугубление сбора налогов и т.д.) время празднования Нового года переносились в различные периоды года, но по истечению времени непременно возвращалась ко дню весеннего равноденствия, когда природа заново оживает.

День весеннего равноденствия упоминается и в Библии. (В Библии священный год со времени исхода из Египта начинается с весны, с месяца Авив, что значит месяц зрелого колоса - это был месяц весеннего равноденствия и время созревания ячменя... Библия стр. 1002. Библейский календарь)

Еще в недалеком прошлом на Руси исконно зимним праздником было праздник Елей /со-сны/. Современный Новый год заимствован с запада и привезен Петром первым. Он не подтвержден никакими астрономическими исчислениями (что приводит к появлению старого нового года). Считается, что он приурочен ко дню рождения Иисуса Христа. Но день рождения Христа на неделю раньше, и во многих странах Рождество до сих пор отмечается с большими почестями, чем Новый год, и Санта Клаус с подарками приходит именно в Рождество. Кстати, незаслуженно усмелен прекрасный праздник с его ряжеными и скоморохами, играми и катаниями, со свечами и гаданиями, с чудесами в ночь перед Рождеством. Оно прекрасно описано Гоголем.

И другие даты начала Нового года в различных странах (Китай, Япония и др.) тоже не выдерживают никакой критики. И миру пора возвратиться к древнему, астрономически вычисленному началу Нового года - НОВРУЗУ, а зимним праздником с Дедом Морозом и елками оставить РОЖДЕСТВО. Правда, изумляет то, что Иисус ухитрился родиться дважды для разных верований.

Современные ученые установили, что земля совершая свой полный оборот вокруг солнца, пересекает не двенад-

цать созвездий, а тринадцать. Деление года на двенадцать месяцев отчасти рождено из-за суеверия народов запада, боязни числа тринадцать. Потому, по мнению академика акмеологических наук Сайлыбая Бекболатова, резонней разделить год не на двенадцать месяцев, а на тринадцать, по 28 дней каждый. А оставшиеся один и ¼ дня обозначить как день равноденствия, день празднования нового года – Наурыза. Тогда наш календарь приобретет стройный, гармоничный вид. Исчезнут разные числа в месяце, исчезнет високосный год, все года, месяцы, недели будут начинаться с понедельника и кончатся воскресениями. Очень удобно.

Древние турки считали, что поворотную секунду наступления равноденствия чувствуют рыбы. Правители того времени ко дню равноденствия повелевали наловить большое количество рыб в один аквариум. Собирались толпы людей и следили за поведением рыб. В критическую секунду наступления равноденствия рыбы хором переворачивались через спину, обножая белое брюшко. После подтверждения факта, повелитель объявлял о начале празднования.

Еще одно предание связано с обсерваторией Улугбека. Перед обсерваторией был расположен камень с таким расчетом, что в день равноденствия солнечные лучи, падая под определенным углом, как бы расплавляли, смягчали камень. В народе говорят, что в этот день «плавится серый камень Самарканда»

Среди казахов бытует легенда. Наш Великий предок, охраняя границы огромной территории от набегов, месяцами не сходил с коня. Однажды, в конце зимы, возвратившись из очередного такого похода, Баһадур расседлал коня, перед ставкой воткнул в землю свое копые, зашел в юрту и заснул богатырским сном. Проспал он весь мертвый сезон (казахи делили год на двенадцать месяцев по 30 дней, а оставшиеся 5 и ¼ дня называли Әлі Ара, то есть мертвым сезоном. В этот период перед равноденствием погода очень неустойчива, и только после Наурыза наступает настоящая весна). Наконец, проснувшись от долгого сна, богатырь вышел на улицу и замер от удивления: перед багетом предстала изумительная картина. Природа успела преобразиться, солнце светило ласково, снега почти не осталось, на солнечных склонах появилась зелень, деревяный черенок копыя, воткнутого в землю, пустил корни, ожил и распустил почки. Очарованный таким превращением в природе, предок

ВЕЛИКИЙ ДЕНЬ УЛУСА

решил, что это не обычный день - это начало новой жизни, начало нового дня. Он отменил все походы, все войны, объявил всемирное перемирие, а день провозгласил праздником мира и созидания.

Народ готовился к празднику тщательно. Производились генеральные уборки в домах, убирались дворы, люди одевались в чистое, очищались от дурных помыслов, дабы встретить праздник с чистым телом и душой. В доме не оставалось пустых посуды, сосуды наполнялись водой, в оставшиеся емкости клали несколько крупных зерен, соли или краюху хлеба, как символа полной чаши. Молодежь на ночь уходила за ауыл, разжигала костры и устраивала бал – маскарад. Поскольку казахи - народ скотоводческий, на балу присутствовали покровители всех видов домашних животных.. ОЙСЫЛ ҚАРА со своей свитой верблюдов, ҚАМБАР АТА с табуном лошадей, ЗЕНГИ БАБА представлял свиту крупного рогатого скота, ШОПАН АТА со своей отарой баранов, ШЕКШЕК АТА со своими козами и т.д.. Заво-дками маскарада были герои казахских народных легенд и преданий АЛДАР КОСЕ, ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН, ХОДЖА НАСРЕДДИН, ТАЗША бала и прочие. Пелись песни, популярны были среди молодежи качели -- АЛТЫБАҚАН, устраивались различные игры. К утру перед восходом солнца, молодежь с шумом, песнями, барабанным боем врывалась в ауыл и будили народ. Было обязательным встречать восход солнца. Считается, что с первыми лучами солнца землю обходит ҚЫЗЫР БАБА, и кто предстанет перед его взором в это утро, тот будет благоденствовать в течение года. Люди встречали солнце, детей подставляли к его лучу - так начинался праздник В этот день все помыслы должны быть настроены на добро: не допускались ссоры, прекращались войны. Аксакалы и бабушки, наблюдавшие за жизнью ауыла в течение года, обходили неблагополучные семьи, мирили мужа с женой, поссорившихся соседей, благодарили их на мирную, гармоническую жизнь.

Люди просили друг у друга прощения: не прощать в этот день было дурным знаком. Ведь в этот день смягчался даже «Самаркандский серый камень», а жестче камня быть нельзя.

Поскольку день считался началом новой жизни, было ритуальным посадка деревьев: в день Наурыза сломанную ветку восполняли десятью саженьцами, потому ни одна ветка не должна была ломаться. В этот праздник народ вкладывал всю красоту и щедрость своих обрядов. Представлялись все виды искусства (песни, пляски, айтысы, острословия), все виды спортивных состязаний (байга, куреш, қыз куу, көкпар, аударыспақ, цирковые трюки на коне – джигитовка) и т.д. День считался удачным для оказания знаков внимания. Джигиты да-

рили девушкам серьги, кольца, браслеты, расчески, зеркальца и прочие украшения - называли это СЕЛТ ЕТКІЗЕР (осызающий), для старейших и пожилых готовились особые высококоло-ринные блюда – БЕЛ КӨТЕРТЕР (ободрающий)

В этот день все старались получить благословение аксакалов БАТА. «Бата для джигита, как дождь для почвы» - говорится в народе. Бата давалась для джигита, выигравшего состязание, для девушек показавших хорошее искусство, молодежи сделавших доброе дело. Благодарности их на новые подвиги. Бата может даваться и группе людей и даже целому народу.

Обязательным атрибутом праздника было приготовление и угощение НАУРЫЗ КӨЖЕ. Она готовилась символически из семи различных продуктов питания, включая воду и соль. Но основным и обязательным компонентом являлась проросшее зерно. Народ понимал, что после долгой зимы любой организм истощается и испытывает недостаток витаминов. А проросшее зерно как раз богато различными витаминами и питательно. Готовилась она повсеместно и угощали всех. Она же являлась символом благополучия и щедрости, призывала людей к единству и дружбе.

Раньше Наурыз праздновался в течение недели. Описание нескольких таких праздников оставил поэт и летописец (шежиреши) Копеев Машһур Жусуп. Он же повествует о существовании специальной книги САЛДАМА, разъясняющей суть появления и предназначения Наурыза. Она в день праздника читалась перед публикой специальными просветителями - КОЖА.

Народ слагал песни посвященные Наурызу, не оставались в стороне и акыны – импровизаторы. Своеобразным поучительным жанром являлись айтысы-загадки, в разгадке которых кроется притворное истечение солнца и звезд, время истечения по ним года, месяцев, недель, погодные условия в эти периоды и связанные с ними быт скотоводческого народа.

Существует множество народных примет и обрядов посвященных Наурызу. По поверьям восточных народов, в этот день планету пронизывает особый звук, гул которого чувствуют только бараны, поскольку они являлись жертвенным скотом и попали в рай.

В Наурыз начинается первый отел, прилетают первые птицы – НАУРЫЗКОКЕК, появляются первые цветы НАУРЫЗ-ШЕШЕК, выпадает последний снег НАУРЫЗША. Детям давали имена НАУРЫЗБАЙ, НАУРЫЗГУЛЬ, из-за чего женская половина не могла назвать Наурыз пряником. Казахские женщины снохи не называют по имени родственников мужа, а сами нарекают их своими вымышленными именами. Потому НАУРЫЗ всенародно называют ВЕЛИКИМ ДНЕМ УЛУСА!

Касым БОТАНОВ

Қоныс тойын тойлады



– Бұл бағдарламаның бұрынғы аты «Қолжетімді баспана – 2020», биылғы жылдың қаңтар айынан бастап «Аймақтарды дамыту» деп аталатын жаңа бағдарлама іске қосылды. Дегенмен оған қатысудың шарттары негізінен бұрынғыша десек болады, оған жастары 29-дан аспаған ерлі-зайыптылар өтініш

бере алады. Әрине, бірінші кезекте тұрақты кірістері бар, бірақ өздерінің жеке баспанасы жоқ жанұяларға басымдық беріледі. Сонымен бірге басқа да талаптар қойылады, жинайтын құжаттар да жетерлік, соған қарамастан 8 наурыз мерекесі қарсаңында 25 отбасы өздерінің жаңа пәтерлеріне

Жаңалық

Жуырда қаламыздың 25 отбасы жаңа баспаналы болып, қоныс тойын тойлады. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мамандары жалға берілетін пәтерлердің кілттерін мемлекеттік бағдарлама бойынша жас отбасыларына табыс етті.


қоныс аударып, қуанышқа кенелді, – дейді тұрғын үй секторының меңгерушісі Вера Губарь.

Тольятти көшесіндегі № 46 үйден пәтер алған бақытты жандардың бірі Қанат Толымбеков, осы уақытқа дейін оның төрт адамнан тұратын жаңясы пәтер жалдап, біраз баспана қиындығын тартқан.

– Бұл бағдарламаның біз сияқты пәтері жоқ отбасыларға өте ыңғайлы екенін көріп тұрмын. Мен сегіз жылға дейін ай сайын банкке отыз мың теңгеден аса ақша төлеп отырамын. Мұндай қаражатты біз бұған дейін жалдаған пәтерімізге де төлеп тұрушы едік. Енді оның бәрі өзіміздің игілігімізге жұмсалатын болады. Белгілі уақыттан кейін біз пәтерді жеке меншігімізге айналдыра аламыз, – дейді отағасы.

Екі балалы бұл отбасы үш бөлмелі пәтер алып, үлкен қуанышқа кенелгендерін жасырған жоқ. Сондай-ақ бір бөлмелі пәтер алып, оған ай сайын 10-12 мың теңге төлеп тұратын отбасылар да өздерінің қуанышты екендіктерін айтып, мемлекеттік бағдарламаның жас отбасыларға аса тиімділігін айтып жатты. Жалдамалы пәтер ақысы төленіп біткеннен кейін қалған ақшаны толық төлеуге немесе одан әрі банктен қарыз алуға

болады. Бұл әрине, тиімді. Осындай жолмен баспаналы болғысы келетіндер аз емес, дегенмен тиісті талаптарға отбасылық және табыс жағдайы сәйкес келгенде ғана осындай мүмкіндік беріледі. Бір айта кетерлігі, аталған бағдарламаға толық отбасылар ғана емес, жалғыз басты аналар да қатыса алады. Ең бастысы, өтініш берушінің тұрақты жұмыс орны және дер кезінде төлем жасайтындай жалақысы болуы керек. Бірақ егер төлемді дер кезінде өтемей, уақытын кешіктірсе, онда пәтерден айрылып қалу қаупі де бар. Ондайда банктегі есепшотқа өткізген ақшасы кері қайтарылмайды. Сондықтан тұрғын үй шаруашылығы мамандары да өтініш берушілердің барлық жағдайын жан-жақты тексеріп, екшеп, төлемге қабілеттерін және басқа да талаптарға сай отбасыларын есепке алады.



– Біз бұл бағдарламаның сондай тиімділігін көріп отырмыз. Оның үстіне пәтердің қымбаттығы өз алдына, сондықтан мұндай мүмкіндікті қалт жібермей, банктің өтемақысын дер кезінде төлеп, қандай қиындық болса да баспананы өзімізде сақтап қалуға тырысамыз, – дейді жаңа пәтер иелері.

Өз тілшімізден

Денсаулық сақтау

Қызылшаға қарсы екпенің миллиардтаған дозасын пайдалану нәтижесінде әлемнің бірде-бір елінде қайтыс болу оқиғалары тіркелген емес.

Бұл туралы бүгін Қазақстандағы БҰҰ өкілдігінде өткен Еуропа өңірінде қызылшаға қарсы екпе жасау мәселелеріне арналған дөңгелек үстел барысында Испанияның Сантьяго университеттік клиникалық ауруханасының педиатрия және инфекциялық аурулар бөлімінің жетекшісі, доктор Федерико Мартинон Торрес мәлімдеді.



Генетика, вакциналар, инфекциялар және педиатрия жөніндегі зерттеу тобын үйлестіретін маманның айтуынша, екпе жасау - инфекциялық аурулар, оның ішінде қызылшаның алдын алуда жалғыз амал. Вакциналау жасанды иммунинетті қалыптастыруға әсер етеді. Адамда қандай да бір ауруға қарсы иммунитет болмаса, ол қатерлі асқынуларға және өлім-жітімге әкеп соғады.

Қазақстан тұрғындары арасында иммунитеттің жеткіліксіздігі 2014 жылы қызылшаның өршуіне әкеп соқтырды. Осыған байланысты қосымша иммундау шарасын өткізу туралы шешім қабылданды.

Доктор Федерико Мартинон Торрес БАҚ өкілдерін аталған тақырып бойынша екпе мен жағымсыз жағдайлардың байланысы туралы айтқанда қателік жібермеуге шақырды.

Халықаралық сарапшы көптеген пікірлерге қарамастан, қызылшаға қарсы екпе жасаудан зиян болған күннің өзінде ол жұқпалы дертпен ауырғаннан миллиондаған есе аз екенін атап көрсетті.

Профессордың айтуынша, қызылшаға қарсы екпенің миллиардтаған дозасын пайдалану нәтижесінде әлемнің бірде-бір елінде кісі өлімі тіркелген емес.

Қызылшаға қарсы екпе

«Мұның барлығы халықаралық медициналық әдебиетте құжатталған, мұны естен шығармау керек», -деді Федерико Мартино-Торрес.

«Екпе әлемнің барлық елінде табысты қолданылуда. Соның арқасында 6 млн.-ға тар адамның өмірі сақталып, дертке шалдықандар саны 1 млн.-ға дейін қысқарды. Бұл - үлкен нәтиже. Ауру жұққан жағдайда 1 мың баланың ішінде біреуі қайтыс болатыны анықталды», - деді сарапшы.

Қазақстанда қызылшаға қарсы жаппай екпе жасау барысында тіркелген жағдайларға байланысты «мұнда әлемнің басқа елдерімен салыстырғанда ешқандай жаңалық және төтенше жағдай жоқ», -деді. Және Грузия болған жағдайды мысалға келтірді. Бұл елде қызылшаға қарсы жаппай иммундау шарасы жүргізілген кезде 493 мың адамға екпе жасалып, жағымсыз жағдайлар 432 адамда тіркелген. Бұл жалпы екпе жасалғандардың 0,1%.Көптеген науқастарда үрейге бой алдырған кезде орын алатын белгілер байқалған. 37% жағдайда екпемен

уақыты қатар келген басқа аурулар болған. Бірақ, БАҚ-та иммундау шарасы туралы дұрыс ақпараттың таратылмауы нәтижесінде Грузияда екпемен қамту көлемі азайып, аурудың көбею тәуекелі артты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда екпе жасалған 523 мың адамның ішінде 294 жағдайда жағымсыз көріністер тіркелді. Бұл жалпы егілгендердің жалпы санының 0,05%.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі ведомствоаралық жұмыс тобын құрып, халықаралық сарапшыларды тарта отырып, екпеден кейін байқалған жағымсыз көріністердің әрқайсысы жеке қарастырылуда. Барлық қажетті медициналық көмек көрсетіліп жатыр.

Қазақстанда қосымша иммундау шарасы осыдан 10 жыл бұрын өткізіліп, нәтижесінде елімізде қызылшамен сырқаттанушылық 16 мыңнан 13 жағдайға дейін күрт төмендеді.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің баспасөз қызметі

ЭКСПО – 2017 ІТВ

халықаралық туристік көрмесінің жұмысына қатысты



4 наурызда Берлинде ЭКСПО-2017 Комиссары – ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Р.Жошыбаев бастаған қазақстандық делегация 49-шы «ІТВ-2015» халықаралық туристік көрмесінің жұмысына қатысты. Делегацияның құрамына сыртқы істер, инвестициялар мен даму министрліктерінің, қалалық және облыстық әкімшіліктердің, «Астана Экспо-2017» ұлттық компаниясының, туристік агенттіктердің, сервистік секторлардың, Қазақстанның қолөнер мен зергерлік өнерінің өкілдері кірді. Биылғы жылы аталмыш көрмеде 180 елден 10 мыңға жуық стендтер орнатылды.


Көрме шеңберінде ЭКСПО-2017 Комиссары БҰҰ Бүкіләлемдік туристік ұйымы Жібек жолы елдерінің туризм министрлерінің 5-ші отырысына қатысып, Қазақстандағы туризмнің дамуы, Жібек жолы әлеуетін іске асыру бойынша Қазақстанның рөлі және Елбасының «Нұрлы жол» жолдауының негізгі бағыттары туралы сөз сөйледі. Р.Жошыбаев алдағы уақытта Астана қаласында өтетін халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесінің дайындық жұмыстары туралы хабарлап, аталған шара Қазақстан және бүкіл өңір үшін туризм дамуының қозғаушы күші болатынын атап өтті.

«ІТВ-2015» барысында қазақсандық делегацияның басшысы Бүкіләлемдік туристік ұйымның Бас хатшысы Талей Рифаймен бірге қазақсандық стендтің ашылу рәсіміне қатысты. БҰҰ БТҰ Бас хатшысы өз сөзінде Қазақстан еліне туристердің көптеп келуі аясында Астана қаласында өткізілетін Экспо-2017 көрмесінің маңыздылығын, қаланың инфоқұрылымдық дамуын және БТҰ тарапынан аталған мәселе бойынша біздің елге қолдау көрсететінін жеткізді. Сондай-ақ, Рифай мырза Қазақстанға аса назар аударылатын БТҰ Жібек жолы бағдарламасының жүзеге асырылу маңыздылығын атап өтті. Жібек жолы бағдарламасы БТҰ-ның 31 мүше-мемлекеттерінің өзара ықпалдастық тұғырнамасы болып саналады.

Көрме қатысушылары қазақсандық павильонға аса қызығушылық білдіруде. Олар қазақ ұлттық тағамынан дәм татып, дәстүрлі билерді тамашалап, ұлттық аспапта нақышына келтіріліп орындалған әдемі әуендерді естіп, сонымен қатар қолдан жасалған киіз киімдердің және күміс бұйымдардың дайындау барысын көруге мүмкіндіктері болды. Шетелдік серіктестермен ынтымақтастықты ары қарай дамыту мақсатында қазақсандық делегация екіжақты келіссөздер жүргізді, оның ішінде ГФР экономика және энергетика министрлігінің туризм дирекциясының жетекшісі М. Вебермен, көрменің басшылығымен және шетелдік БАҚ өкілдерімен кездесулер өткізді.

Қазақстан әлемдік туризмнің беделді сұхбат алаңы болып танылатын және елдің бай тарихын, мәдениетін және қайталанбас табиғатын таныстыруға мүмкіндік беретін ІТВ жұмысына жыл сайын қатысады. Сонымен қатар, көрме туристік саладағы көшбасшылармен тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықтың тиімді тұғырнамасы болып саналады.

Өз тілшімізден



Созылмалы шаршаумен күресу

Қазіргі қарбалас заманда әр түрлі стресстерге төтеп беру мүмкін емес. Бұрыс тұрмыс дәстүрі және жағымсыз экологиялық ахуал да кері әсерін тигізеді. Жаңа ғасыр біздің өмірімізге артық күш жұмсау, психологиялық және ақыл-ой жүктемесіне байланысты көптеген жаңа дерттер әкелді. Созылмалы шаршау синдромы – бұл сырқат туралы не білу керек?



Созылмалы шаршаудың белгілері

Созылмалы шаршаудың белгілері (СШБ) – адам әр кез шаршайтын, қажитын, оны безгег ұстайтын, бұлшық еттері ауыратын, ұйықтай бергісі келетін ағзаның күй-ахуалы. Созылмалы шаршаудың сенімді серіктері депрессия, апатия, зейінсіздік. Есте сақтау қабілетінің, ұйқының бұзылуы, себепсіз үрей және тынышсыздықтың күшеюі – бұл бұзылудың белгісі. Созылмалы шаршау белгілері бірнеше ай, тіпті жылға созылуы мүмкін. Бұл дертті уақытында емдемеу, шизофренияға алып келуі мүмкін.

Созылмалы шаршау белгілері 20-дан 45 жасқа дейінгі әйелдерде жиі пайда болады. Негізі, бұл бизнес-ледилер, көптеген белестерді бағындырған, оқымысты әйелдер, алайда еркектер де бұл тізімде бар. Созылмалы шаршау белгілерімен ауыратын адамдар қыс, күз айларында медициналық жәрдемге жүгінеді – СШБ мезгілдік депрессиямен тікелей байланыста. Созылмалы шаршау белгілері кеңсе



Біле жүріңіз

Француздың әйгілі көріпкелін баршамыз білетін шығармыз. 1503 жылы 21-ші желтоқсанда дүниеге келген көріпкел өмірлік жолын дәрігерліктен бастаған-ды. Ол астраномия, химия, дәрі-дәрмек жасауды да жетік меңгерген. Алайда оның болашақты болжап жазғандарының өзі бір төбе. Нострадамустың болашақты болжағандағы айтылған көптеген болжамдары тарихта шынайы орын алды. Енді алдағы келе жатқан 2015 жылды не деп болжағанын танысып көрейік.

1. 2015 жылы АҚШ-та аса қуатты жер сілкінісі орын алады депті. Иә, уақыт көрсетер...
2. 2015 жылы экономикалық дағдарыс орын алып, Франция, Германия елдеріне қатты әсер етеді-мыс. Сонымен қатар әлемдегі танымал 4 саяси басшыларға қастандық жасалуы мүмкін депті.
3. Салық атауы жоғалып, ғалымдар мәңгілік қартаймаудың емін табады екен.
4. Сонымен қатар энергия, қуат көзінің тиімді, арзан жолдарын пайдаланудың тәсілі табылады депті жарықтық.
5. Әлем халқының өмір сүру деңгейі жоғарласа дағдарыс

жолы жалғаса береді. Осы дағдарыстың АҚШ-қа әсері айтарлықтай мол депті.

Ресейдегі дағдарыстарды ұмытқан тәрізді.

6. 2015 жылдың аяғы 2016 жылдың басына қарай «Vesuvius» деген жанар тауы жарылады екен. Осы жарылыстан кедейлік жағдайы орын алып, көптеген адамдар қаза болады. Тағысын көптеген жер сілкіністері орын алып, әлемде бірнеше күн қараңғылық орын алады.

7. Аталмыш осы 2015 жылы әлемді басқаратын болашақ басшы дүниеге келеді-мыс. Ол кісі әлемдегі орын алып жатқан жамандық атаулыларынан толықтай құтқармақ деп отыр.

Олай болса жақсы болды ғой.

жұмысшыларының кәсібі дерті.

Созылмалы шаршау белгілерінің бар-жоғын қалай анықтауға болады, оның кәдімгі шаршаудан қандай айырмашылығы бар? Оларды қалай ажыратамыз? Созылмалы шаршау кезінде, бір апталық демалыста сізге күш-

жағдай одан сайын ушығады.

Созылмалы шаршау белгілері иммундық жүйенің әлсіреуінен де байланысты. Адам ағзасы әр түрлі вирустарды тез қабылдағыш болады.

Созылмалы шаршау белгілері орталық жүйке жүйесіне және алдыңғы миға соққы жасайды, ол да дене және ақыл-ой жұмыс бастылығын көтере алмайды. Созылмалы шаршаудан барлық ағза зардап шегеді.

Созылмалы шаршауды емдеу

Созылмалы шаршаудың алғашқы себептерін байқаған сәтте, емделуді бастау керек. Оны асқындырып емдеу, өте ұзақ және қымбатқа түседі. Созылмалы шаршауды емдеу үшін ағзаны тазалау, мидың қалыпты жұмыс істеуіне арналған дәрі-дәрмектер, эндокринді және иммунды жүйелер жұмысының қайта қалпына келу әдістері қолданылады.

Созылмалы шаршаумен қалай күресуге болады?

Созылмалы шаршау белгілерінің дамуын тоқтату үшін:

- жұмыста әр 5 минут сайын үзіліс жасау;
- дене және ақыл-ой күштерін алмастыру;
- істегіңіз келмейтін жұмысты, сізбен салыстырғанда қолы бос әріптестеріңізбен бөлісу;
- өз уақытыңызды дұрыс үлестіруді үйрену;
- аптасына бір рет демалыс күнін жасау;
- белсенді демалу, әсіресе таза ауада;
- жеткілікті уақыт ұйықтау және дұрыс тамақтану;



Нострадамустың 2015 жылға болжауы

8. 2015 жылы жаңадан діни ағым пайда болады. Ең алдымен Орыстар арқылы тарап, кейін басқа елдерге жайылады. Ал 2040 жылы барлық әлем тек осы дінге ілеседі деп отыр.

Жаңа ағым емес Ислам діні болса екен.

9. 2015 жылдың бірінші жартысында Таяу шығыста үлкен даулы мәселе туындап, соның кесірінен дүниежүзілік 3-ші соғыс өртінің тұтануына себеп болуы мүмкін дейді.

Бәрі бір жаратқанның қолында ғой. Болжамдар айтыла береді. Ал оның орындалуы уақыттың еншісінде. Қой жылы ғой. Қазақи наным сенімге келсек қой тектес момақаны жуас, тыныш жыл болса керекті. Болжам-болжам ғана. Ал сіздіңше жоғарыдағылардың қайсысы шындыққа жанасуы мүмкін?

Қазанама

НАЗАРОВ

Николай Николаевич

Қазақстан Магниткасының ардагері, «Құрмет» орденінің кавалері өмірден өтті.

Николай Николаевич Назаров 1939 жылы туған, Кузнецкий металлургиялық техникумын бітірген. 1960 жылдан Қарағанды металлургия комбинатының домна цехында жұмыс істеді, домна цехы бастығының орынбасары лауазымына дейін өсті.

Н.Назаровпен әріптес болғандар оның бойындағы сарқылмас күш-қуатын, алға қойған мақсатына жетуге деген ынта-ықыласын, алғырлығын, жоғары кәсіби білігі мен пайым-парасатын үнемі айтып жүретін. Ардагердің өмірден озуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қала әкімі Н.Е.Сұлтанов, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты А.А.Бегенеев, қалалық мәслихат хатшысы В.И.Свиридов, В.Нехорошев, С.Ибрагимов, К.Мұхамеджанов, А.Есмұраев, С.Тымченко, Ш.Мырзақасымов, С.Көшімбаев, А.Жүнісов, Қ.Омашев, А.Асанов, Т.Ысқақов, В.Никонов, Е.Төлеубаев, Н.Вахитова.

Түрегең тұрып су ішудің зияндары



Ғалымдар түрегең тұрып су ішудің адамдарға медициналық тұрғыдан зиян келтіретінін білдіре отырып: «Адамдардың асқазандары дененің қалай тұрғанына қарай әртүрлі болады. Яғни түрегең тұрған кездегі және отырған кездегі асқазанның халі екі түрлі. Асқазанның кішкентай иіңкі бөлігіне сай келетін Вальдейер асқазан қуысы деп аталатын қуыс болады. Сұйық азықтар осы жерден тұрақты ашық қуысы бар асқазан жолынан шығып он екі елі ішекке өтеді. Яғни қысқаша айтқанда адамдардың түрегең тұрып су ішулері еш жерге әсері болмастан тікелей он екі елі ішекке өтеді. Су адамдар үшін өте маңызды. Бұл суды түрегең ішкенде су асқазанда бірікпейді және денеге пайдасы болмайды. Егер адамдар суды отырып ішсе алдымен асқазанда бірігеді, қышқылдармен араласып, микробтары өледі, кейін он екі елі ішекке өтеді. Осылай отырып су ішу әдісіне мойынсуң арқылы адам холера ауруымен қоса көптеген аурулардан сақтанған болады. Адамдар көрінген жерден су алып, түрегең ішіп кете берсе кейбір ауруларға душар болады.» деді.

Түрегең тұрып су ішудің медициналық тұрғыдан зияны болумен қатар бұл жөнінде дінімізде де сүйікті пайғамбарымыз тарапынан айтылған хадистер бар:

«Егер түрегең тұрып су ішкен адам асқазанына келтіретін зиянды білгенде, ішкен суын құсып жіберер еді.» (Абдурраззақ 10/427 хадис 19588)

«Түрегең су ішпендер. Кімде кім ұмытып, түрегең тұрып су ішсе, құсып, шығарып тастауға тырыссын.» деген. (Мұслим әшриба хадис 116)

Расулупллаһ алейһиссаламның «Түрегең су ішуге тыйым салған» деген сөзі Мұслимнің басқа риуаяттарында да «Түрегең су ішуден қайтарған» деп нақыл етілген. (Мұслим, Әшриба 112, 114)

Су ішер кезде қыблаға қарап, отырып, бисмилләһ айтып, стаканды оң қолға алып ішу керек. Барлық нәрседе болғанындай суды да шамадан тыс мөлшерде ішпеу керек, өте ыстық және өте суық болған сулардан да сақтану керек.

(Ғаламтордан алынды)

МЕНШІК ИЕСІ:

«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады

Тапсырыс 12

Тиражы 1000 дана.

Форматы А-3.

Көлемі 3 баспа табак.

Офсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.

Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.

(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru